# SARYARQA

ЖЕЗҚАЗҒАН 65

01.03.2019

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№08 (8122)



SAIASAT — ҮМІТ МОЛАЙЫП, СЕНІМ НЫҒАЙДЫ — 2-бет

AINA — ЖАЙЛЫ ТҰРМЫС ЖІГЕРЛЕНДІРЕДІ — 3-бет

KELBET — ҰЛЫТАУДЫҢ ҰЛАНЫ, САРЫАРҚАНЫҢ ҚЫРАНЫ — 5-бет

QOĠAM — САХНАДА – «АУҒАН ҚАСІРЕТІ» — 6-бет


БҰРЫНҒЫ БАСШЫЛАР БЕЙНЕСІ



## АРДЫҢ АДАМЫ АРАЛБАЕВ

Болмысында дауысын көтере бермейтін, баппен сөйлеп, нық айтатын Жылқыбай Аралбаевпен мен 1973 жылы қыркүйек айында Жезқазған қаласында таныстым. Жүзінде сезіле бермейтін ай-бар бар. Біз, жұбайым Дәметкен екеуміз Қазақстан компартиясы Орталық комитетінің жолдамасымен жаңадан құрылып жатқан Жезқазған облыстық «Жезқазған туы» газетіне келген кезіміз. Жүз мыңға жетер-жетпес халқы бар, шағын болғанымен өте жайлы, адамдары мейірман қалаға тез үйренісіп кеттік. Бұрын пәтерді жалға беріп үйренбеген қаладан тұрғынжай табудың өзі қиын болды. Сондықтан да Қазақ Мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітіріп, Жезқазғанға барған Нұрмахан Өзбеков, Бейсенбай Сүлейменов, Мәриям Танашева және біз амалсыздан қонақ үйде тұрдық. Сондай күндердің бірінде ойламаған жерден Жүрсін Ерман жолығып қалды. Ол Жезқазғаннан 300 шақырым жердегі Қарақұм ауылының жігіті екенін мен жақсы білетінмін. Екі жылдай ауылшаруашылығы жұмысына Қостанай облысына бірге барғанбыз. Етене араласып, достасып кеткенбіз. КазПИ-дегі оқуын тастап, бізге келген ол төменгі курста оқығанымен қоян-қолтық араласқанбыз. Кейінгі жылдары сырттай оқуға ауысқанын да білетінмін. Салған жерден ол ай-шайға қарамай Дәметкен екеумізге үйінде тұруды ұсынды.

►► 5-бетте

# ОНЖЫЛДЫҚ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ: ҰЛТТЫҢ ЖАҢА ИГІЛІГІ

***Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Нұр Отан» партиясының XVIII съезінде халықты әлеуметтік қолдау бойынша тың тапсырмаларды жария етті***

**Сәрсенбі күні Астанадағы Тәуелсіздік сарайында Елбасының қатысуымен «Нұр Отан» партиясының кезекті XVIII съезі өтті. Партияның 20 жылдығына арналған съезге өңірлік конференцияларда сайланған делегаттар, Парламент депутаттары, мемлекеттік басқару органдарының, ұлттық холдингтер мен компаниялардың басшылары, азаматтық қоғамның, үкіметтік емес ұйымдардың және жастар құрылымдарының, халықаралық ұйымдардың, дипломатиялық корпустың, бастауыш партия ұйымдарының, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, ғылым және мәдениет қайраткерлері, партия ардагерлері қатысты. Саяси жиында партияның 2030 жылға дейінгі бағдарламасы қабылданып, саяси ұйым жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Сондай-ақ, саяси кеңестің жаңа құрамы бекітілді. Съезде сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы халықтың әлеуметтік ахуалын жақсартуға бағытталған бірқатар бастамаларды жария етті.**




Негізгі отырыс басталар алдында Елбасы «Нұр Отан» партиясының қазіргі жұмысына, партияны жаңғыртуға және оның тарихына арналған арнайы көрмені аралады. Нұрсұлтан Назарбаевқа Қазақстан халқына арналған жолдау мен «Бес әлеуметтік бастаманың» іске асырылу барысына мониторинг жүргізудің жаңа жүйесі, сондай-ақ, партия жобаларын жүзеге асырудың нәтижелері туралы жан-жақты мәлімет берілді. Сонымен қатар, Қазақстан Президентіне жаңа «Цифрлық партия» жүйесінің мүмкіндіктері таныстырылды.

Съезде сөз алған Елбасы қатысушыларды саяси ұйымның 20 жылдығымен құттықтады.

– Құрметті съезд делегаттары, құрметті қонақтар! Баршаңызды «Нұр Отан» партиясының 20 жылдық мерейтойымен құттықтаймын. 1999 жылғы 1 наурыз еліміздің жылнамасына партиямыздың негізі қаланған күн ретінде жазылды. Тарих өлшемімен қарағанда бұл көп уақыт емес. Бірақ, біз үшін тұтас дәуірге бара-бар. Ғасырлар тоғысындағы күрделі жағдайды өздеріңіз білесіздер. Бізге тез арада дұрыс таңдау жасауды талап еткен заман болды. Тәуелсіздігімізді нығайтып, мықты мемлекет құру үшін бізге батыл қадамдар жасап, маңызды реформалар жасау керек болды. Әйтпесе әлемдік өркениет жолына бастайтын даму көшінен қалып қояр едік. Осындай ұлы мақсатты көздеген «Нұр Отан» партиясы халықтың сенімін ақтап, орнықты экономикамызды қамтамасыз ететін бірден-бір саяси күшке айналды. Сындарлы жылдары жанымнан табылып, биік белестерді бағындыруға атсалысқан партияластарыма, баршаңызға алғысымды білдіремін, – деді Елбасы құттықтау сөзінде.

Нұрсұлтан Назарбаев еліміздегі азаматтардың тұрмыс сапасы мен әл-ауқатын арттыру үшін Ұлттық қордан қаражат бөлінетіндігі туралы айтты. Мемлекет басшысы әлеуметтік саясатты одан әрі жүзеге асырудың негізгі бағыттарына тоқталып, оны іске асыруға партияның белсенді атсалысуы қажет екенін атап өтті.

►► 2-бетте

1 НАУРЫЗ – АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ

## ҚАП ТАУЫНДА ТУЫП, ҚАРСАҚБАЙДАН ПАНА ТАПҚАН

**Арнаулы контингент қатарына жатқызылған шешендер мен ингуштер осыдан 75 жыл бұрын Қазақстан мен Қырғызстан жеріне депортацияланып, негізінен еліміздің шығыс, солтүстік және орталық облыстарына орналастырылғаны белгілі. Туған өңірден күшпен көшіріліп, тағдыр тәлкегіне ұшыраған жандарға қазақ халқы қырын қараған жоқ. Қиын кезде қамқорлық қолын созып, бір үзім нанды бөліп жеді. Шешен жұрты қазақтардың мейірімді көңілі мен жақсылықтарын бүгінге дейін ұмытпай, үнемі айтып жүреді. Кейін саяси салқындық ахуалы басылып, елдеріне көшуге рұқсат берілгенде көптеген отбасы екінші отанына айналған өңірді қимай қалып қойды. Қазақ елі туған шаңырағына айналып, халқымызбен етене бауырласып кеткендердің бірі – бүгінде Жезқазғанда тұратын Муцаевтар отбасы.**



Иә, бас билігі өзінде болмай, зар жылап, запыран құсып, сонау Солтүстік Кавказдан еріксіз келгендердің көпшілік бөлігі жергілікті халықтың ақ жүрек, қамқор пейілін көріп, естерін жиды. Қасаң саясат пен қатаң жүйе зобалаңының ортасында болған мыңдаған жазықсыз жандардың бірі бүгінде Эсруди сол уақытта он жастағы бала екен. Балғын балалық шағын тартып алып, бастарына қасірет әкелген сол бір кез жүрегінде дақ болып, есінде мәңгі қалғаны анық. Өткен күндерді ол жүрегі сыздай отырып еске алады.

— Сол күнгі сұрапыл-сұмдық мәңгілік жазылмайтын жүректегі жан-жарасы болып қалды,– деп бастады әңгімесін бүгінде 85 жасқа келген Эсруди қария. – Дағыстандағы Хасовюрт ауданына қарасты Ярык-Су ауылындағы мектепте 3-класс оқып жүрген кезім. 1944 жылдың 23 ақпаны күні таңертең ерте мұздай қаруланған солдаттар қаптап кетті. Таңертең еркектерді жинап алып бір жерге қамап қойды. Қалған адамдарды ауыл орталығындағы мектепке жинап, тез жиналып көшуге әмір етті. Жиналуға екі сағат қана уақыт берді. Өзіңмен бірге басы артық зат алуға болмайды. Содан екі жақтан солдаттардың қоршауымен Гудермеске апарды. Сонда бір тәулік болған соң барлығымызды бөліп-бөліп мал таситын жабық вагондарға мінгізді. Вагон іші тар, жататын орын да жоқ. Эшалон бір жүрсе жүріп береді де, тоқтаса бір күнге жуық тұрып қалады. Сондай тоқтаған кездерде күріш сорпасын беріп жүрек жалғатады, тоқтамаса ол да жоқ. Содан бір ай дегенде, тура 24 наурыз күні Қарсақбайға келдік. Жолда суық пен аштықтан талай адам шығын болды.

Жер ауып келгендерді бұрынғы тұтқындар болған жербарақтарға орналастырды. Жұмысқа жарайтындарды комендант осындағы өндіріске орналастыра бастады. Менің шешем де Қарсақбай зауытының металлургия цехына жұмысқа тұрды. Әкей мылқау еді, сол жасында алған мамандық бойынша етікші болып орналасты. Тағдыр ауыртпалығы біздің шаңырақты да айналып өткен жоқ. 1945 жылы інім шетінеді, келесі жылы әжей қайтыс болды. Ал, 1948 жылы әкемізден айырылдық. Шешейдің де денсаулығы онша болмады. Жалақыға 31 сом алады. Жағдай ауыр. Содан он үш жасқа келгенде мен жұмысшыларды картоп, бақша өнімдерімен жабдықтау үшін құрылған №2 қосалқы шаруашылыққа жұмысқа тұрдым. 1951 жылға дейін сонда істедім. Шешей кейіннен үздік еңбек етіп, стахановшы болуына орай нормадағы 700 грамның орнына 1 келі нанға талон алып жүрді. Шешейге көмектесіп, цехқа барып жүретінмін. Содан басшылар жұмысқа менің ыңғайымды байқаса керек, 18 жасқа толуыма бір-екі ай қалғанда әрең деп жұмысқа іліктім. Қарсақбай зауыты тоқтағанша үзбей еңбек етіп, 1975 жылы Жезқазған мыс зауытына ауысып келдім. Мұнда әуелде шихта күйдіруші, соңынан шихта дайындаушылар бригадирі болдым. 1984 жылы зейнеткерлікке шыққанша осы жұмысты абыроймен атқардым. Қарсақбай зауыты мені еңбекке шыңдады, өндіріс сырын үйретті. Құрметті металлургтер қатарына қосты, – дейді Эсруди қария.

Ол – өндірістің нағыз майталманы болған адам. КСРО-ның Құрметті металлургі, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген металлургі атанған, «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған. Көп жылдан бері еңбегінің зейнетін көріп отыр.

►► 3-бетте

**Халық шығармашылығы мен көркемөнерпаздар өнерінің аймақтық «Ұлытау үні» фестивалі Жезқазған қаласының 65 жылдығына орай өткізілген «Жез далам, жез қалам – Жезқазған» атты жас ақындар мүшәйрасымен қорытындыланды.**

## ФЕСТИВАЛЬ МҮШӘЙРАМЕН ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ



Байқау ережесіне сәйкес үміткер қазылар алқасының қарауына үш өлеңнен ұсынды. Оның алғашқысы Жезқазған қаласының кешегісі мен бүгініне, айтулы оқиғалары мен тұлғаларына арналды. Мүшәйраға 18-35 жас аралығындағы 18 жас ақыннан барлығы 60-тан астам өлең түсті. Сүбелі сөзден жыр терген ақындарды марапаттау салтанаты аймақтық «Ұлытау үні» фестивалінің жабылу кешінде ұйымдастырылды. Жиналғандардың алдында сөз алған қазылар алқасының төрағасы Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, құрметті журналист Батырбек Мырзабеков:

– Жезқазған – ән мен жырдың мекені болумен қатар, өзі де ән мен жырдың өзегіне айналып кеткен қала. Кешегі халық ақындарының толғау өлеңдері мен бүгінгі қаламгерлердің шығармаларын парақтап көрсеңіз жез қала жайлы жазбағаны кемде-кем. «Ұлытау үні» фестивалі аясында мысты өлкенің 50, 60 жылдығына арналған мүшәйралар да Жезқазған жайлы жырлардың қатарын еселей түсті. Бүгінгі мүшәйра да даңқты қаламыздың табысы мен жеңісін, тағдыр жолын, тыныс-тіршілігін паш етті. Жас ақындардың осалы жоқ. Мүшәйраға түскен әр сайыскердің шығармасы жоғары бағалауға лайық, – деді.

Жоғарыда айтып өткеніміздей жас ақындардың талпынысы мен қарым-қабілеті ескерусіз қалмады. Ақниет Тағыберген, Думан Сайдалин мен Дархан Рақымберді ынталандыру сыйлығына ие болса, Құрмет Тлеулинов пен Мұқағали Сейтқазы, Аружан Оралбай арнайы сыйлықпен марапатталды. Қазылар алқасының шешімімен жас ақындар сайысының жүлделі III орынын ұлытаулық ақын Ботакөз Мұхиден, II орынды сәтбайлық Абай Ораз жеңіп алды. Ал, жүлделі I орын Талап селосынан келген Жанат Абдығожинге бұйырды.

Мысты өлкені үш күн қатарынан думандатқан өнер мерекесінің жабылу салтанатына ұласқан кеште «Жұлдыз-2019» жас әншілер байқауының жеңімпаздары әннен шашу шашса, ақындар Жезқазғанға арнаған жырларын оқыды. ҚР еңбек сіңірген әртісі Береке Көшеновтің орындауындағы фестивальдің гимні «Ұлытау» әнімен түйінделген XXIX «Ұлытау үні» фестивалі көрерменімен қоштасты.

**Бота ШАЛҚАР**

*Суретті түсірген*

**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

**ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!**

*«Saryarqa» газетінің келесі 9-нөмірі 2019 жылғы 7 наурызда, бейсенбі күні шығатынын хабарлаймыз.*

**Құрметпен, «Saryarqa» газетінің редакциясы.**

SARYARQA-АҚПАРАТ

# ЖАҢА ҮКІМЕТ ЖАСАҚТАЛДЫ

**21 ақпанда Мемлекет басшысы ел Үкіметін отставкаға жіберген болатын. Апта басында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жаңа Үкіметтің құрамы туралы Жарлыққа қол қойды.**




Үкімет құрамы Асқар Ұзақбайұлы Мәмин – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі;

Әлихан Асханұлы Смайылов – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасының Қаржы министрі;

Жеңіс Махмұдұлы Қасымбек – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары;

Гүлшара Наушақызы Әбдіқалықова – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары;

Бейбіт Бәкірұлы Атамқұлов – Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі;

Нұрлан Байұзақұлы Ермекбаев – Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі;

Ерлан Заманбекұлы Тұрғымбаев – Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі;

Дәурен Әскербекұлы Абаев – Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрі;

Марат Бақытжанұлы Бекетаев – Қазақстан Республикасының Әділет министрі;

Елжан Амантайұлы Біртанов – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі;

Арыстанбек Мұхамедиұлы – Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі;

Асқар Қуанышұлы Жұмағалиев – Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрі;

Қанат Алдабергенұлы Бозымбаев – Қазақстан Республикасының Энергетика министрі;

Бердібек Машбекұлы Сапарбаев – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі;

Руслан Ерболатұлы Дәленов – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі;

Роман Васильевич Скляр – Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі;

Сапархан Кесікбайұлы Омаров – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі;

Күләш Ноғатайқызы Шәмшидинова – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі;

Ерболат Асқарбекұлы Досаев – Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің төрағасы.

# АҚПАРАТ және КОММУНИКАЦИЯЛАР МИНИСТРЛІГІ ТАРАТЫЛДЫ

**Президент Жарлығымен Ақпарат және коммуникациялар министрлігі таратылды.**

Жарлыққа сай Қазақстан Республикасының Қоғамдық даму министрлігіне Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінен ақпарат саласындағы функциялары мен өкілеттіктері беріле отырып, Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі болып, ал, Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінен байланыс, ақпараттандыру, «электрондық үкімет», мемлекеттік қызметтерді көрсету саласындағы мемлекеттік саясатты дамыту саласындағы функциялары мен өкілеттіктері беріле отырып, Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі болып қайта құрылды.

Сөйтіп, Ақпарат және коммуникациялар министрлігі таратылды. Қайта құрылған Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің тізгінін Дәурен Абаев ұстаса, Асқар Жұмағалиев Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрі болып бекіді.

# ЕКІ ОБЛЫСТА – ЖАҢА ӘКІМ

**Еліміздің Ақтөбе және Түркістан облыстарының әкімдері ауысты.**





Ақтөбе облысының бұрынғы әкімі Бердібек Сапарбаев ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі болып тағайындалуына байланысты облысқа Оңдасын Оразалин әкім болып тағайындалды.

Өңірдің жаңа басшысын Премьер-министр Асқар Мамин таныстырды.

Оңдасын Оразалин бұған дейін Президент Әкімшілігі басшысының орынбасары қызметін атқарды.

Оңдасын Оразалин 1963 жылы туған.1985 жылы Ақтөбе педагогикалық институтын, 1991 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін бітірген.

Ал, ауыл шаруашылығы министрі-вице-премьер лауазымынан босаған Өмірзақ Шөкеев Түркістан облысының әкімі лауазымына тағайындалды.

Өмірзақ Шөкеев 1964 жылғы 12 наурызда Түркістан қаласында дүниеге келген. 1986 жылы Мәскеу экономикалық-статистикалық институтын экономист-математик мамандығы бойынша тәмамдаған.

# ОНЖЫЛДЫҚ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ: ҰЛТТЫҢ ЖАҢА ИГІЛІГІ

***Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Нұр Отан» партиясының XVIII съезінде халықты әлеуметтік қолдау бойынша тың тапсырмаларды жария етті***

*(Соңы. Басы 1-бетте)*



– Партия жұртшылықтың күнделікті мәселелерін шешу ісіне белсенді атсалысуға тиіс. «Халыққа көмек» жобасы осы жұмыстарды жандандыруға бағытталған. Бүгінгі таңда қоғамның өзекті сұраныстарына жедел жауап беру және соларға мемлекеттік органдардың назарын аударту маңызды мәселе саналады, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Елбасы әлеуметтік салаға мемлекеттің ерекше назар аударатынын айта келе, республикалық бюджет шығыстарының 45 пайызы осы салаға бағытталатынын мәлімдеді.

– Биыл республикалық бюджет шығындарының 45 пайызы әлеуметтік салаға бағытталады. Әлеуметтік бөлімде бірқатар түйткілді мәселелердің бар екені анықталды. Осыған байланысты, азаматтарымыздың әл-ауқаты мен өмір сапасын жақсарту үшін Ұлттық қордан қаражат бөлу туралы шешім қабылдадым. Үкімет бұл шығындарды дұрыс әкімшіліктендіруі керек, – деді Президент.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы көпбалалы отбасыларды қолдаудың жаңа тетіктерін ұсынды. Атап айтқанда, атаулы көмек алып отырған көпбалалы отбасылардың әрбір баласына берілетін жәрдемақыны 21 мың теңгеге дейін өсіруді тапсырды. Бұл көмекті тағайындау кезінде қойылатын талаптарды барынша жеңілдетуді ұсынды.

– Аталған көмекті барынша жеңілдету керек. Халық ары-бері шапқылап жүрмесін. Сосын ондай отбасылардың табысын есептегенде басқа әлеуметтік жәрдемақыларды санауды алып тастау қажет. Әйтпесе, соның бәрін санағанда көпбалалы отбасылар бай азаматтар болып шыға келеді, – деп атап көрсетті Н.Назарбаев.

Көпбалалы отбасылар және толық емес отбасыларға, мүгедек балалар бар, аз қамтылған отбасыларды қолдаудың бір тетігі ретінде оларға пәтер сатып алудың қолжетімділігін арттыруды тапсырды.

– Бұл санаттағы азаматтарға Тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі арқылы жылдық 2-3 пайызбен тұрғын үй заемын беру жеңілдіктері тетіктерін әзірлеуді тапсырамын. Ол үшін Тұрғын үй құрылыс жинақ банкіне қаражат қажет болады және оған жыл сайын 50 млрд теңге бөлуді тапсырамын, – деді Елбасы.

Сондай-ақ, «Нұрлы жер» бағдарламасымен көпбалалы отбасылар үшін 40 мың жалдамалы пәтер салынып, бұл шараларға алдағы 7 жылда жыл сайын бюджеттен 50 млрд теңге қаражат бөлінетінін мәлімдеді. Осы ретте мүгедек бала асырап отырған ата-аналардың жәрдемақысы 30 пайызға өсетінін де атап өткен жөн.



Денсаулық сақтау саласына да қомақты қолдау көрсетілмек. Мемлекет басшысы қоғамдық денсаулық пен алғашқы медициналық көмекке бөлінетін қаражаттың жалпы денсаулық сақтау саласына қарастырылған ақшаның 40 пайызынан 60 пайызға дейін арттырылуы тиістігін айтты. Сонымен қатар, аталған саланы дамытуға қосымша 120 млрд теңге бөлінетіндігін атап өтті.

Елбасы съездегі сөзінде жалақысы аз бюджеттік сала қызметкерлерінің еңбекақысы өсетінін хабарлады.

– Осы жылдан бастап қаңтар айында базалық айлық мөлшерін бір жарым есеге өсірдік. Мұғалімдердің айлығын 30 пайызға, біліктілігін арттырған ұстаздарға 50 пайызға арттырдық. Демек, осы санаттағы азаматтардың кірісі айтарлықтай өсті. Бұл бағдарламада бір миллион азаматтық қызметкерді қамтиды. Осы жылдың 1 шілдесінен бастап бюджет саласындағы айлығы төмен қызметкерлердің жалақысын 30 пайызға арттыруды тапсырамын. Біз оларды қолдауымыз керек. Осы мақсатта 2019-2021 жылдары қосымша 980 млрд теңге бөлінетін болады, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Съезде Мемлекет басшысы әкімдерге де нақты тапсырмалар берді.

– Қазір әкім жылына бір рет есеп беретін болды. Бұл не деген сөз? Әкім халықпен бір күн емес, күнде кездесуі керек. Халықпен кездесу үшін бір жыл күтудің қажеті қанша?! – деген Елбасы әкімдерді көрсеткіш қуалап, популизммен айналыспауға шақырды. Елбасының пайымдауынша, маңыздысы – есеп емес, аймақтағы халықтың жағдайы. Президент әкімдердің халықпен кездесу форматын ауыстыру керектігін және болашақта кездесулерді қалай өткізу керектігін ойластыруды сұрады. Бұл ретте партия да бақылауды күшейтуі керек.

Жарты сағатқа созылып, нақты тапсырмалар басталған баяндамасын Президент қарапайым тілмен аяқтап, партияластарына сенетінін жеткізді.

– Баяндамада партияның мақсаттарын түгел қарастырдық. Мемлекеттің барлық саласында бағдарламасы бар. Қаражат жағы жаңа айтылды, күтіп отырған ел естіді. Біз бүгін талқылап, бағдарламаны қабылдадық. Депутаттар мен делегаттардың айтқан сөздерінен қолдауды көрдік. Сондықтан, партиямызды өте үлкен күш деп ойлаймын, – деді Елбасы.

Жиында өңірлерден келген делегаттар мен партия мүшелері де сөз алып, жүргізіліп отырған мемлекеттік саясат пен партия бағдарламаларына қатысты ойларын ортаға салды.

Съезд жұмысына барлығы 2 мыңға жуық адам қатысты. Олардың 1200-і еліміздің барлық өңірлерінен келген делегаттар, ал қалған 800-ге жуығы – қонақтар. Съезд барысында партияның «Бақуатты қоғам: онжылдықтың 10 мақсаты» атты 2030 жылға дейінгі жаңа бағдарламасы, партияның Саяси кеңесі мен Орталық бақылау-тексеру комиссиясының жаңа құрамы бекітіліп, партия жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізілді, сондай-ақ, партияның Саяси кеңесі мен Орталық бақылау-тексеру комиссиясы жұмыстарының қорытындылары жөніндегі есептері қабылданды.

**Дархан МҰХАН**

ЕЛ және ЕЛБАСЫ




**Сәрсенбінің сәтінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен «Нұр Отан» партиясының XVIII съезі өтті. Саяси жиында елдің әлеуметтік ахуалын оңалтуға бағытталған ілкімді ұсыныстар айтылды.**

Мені ерекше қуантқаны – Мемлекет басшысының көпбалалы отбасыларды қолдау шараларын ұсынуы.

«Бүгінде елімізде шамамен 340 мың отбасыда төрт бала бар. Қазірдің өзінде жыл сайын көпбалалы отбасыларға 500 миллиард теңгеден астам қаржы бөлініп тұрады. Бірақ аталған санаттағы отбасылардың табысы әртүрлі. Біреуі табысты көп табады, енді біреуі аз табады. Сондықтан қолдау шараларын жасағанда осыны ескеру керек. Жақсы табысы барларға қолдау жасаудың қажеті қанша? Сол себепті ең алдымен табысы төмен көпбалалы отбасыларға көмек берген жөн», - деді Н.Назарбаев «Нұр Отан» партиясының XVIII съезінде.

Елбасының бұл тапсырмасы дер кезінде қабылданған шешім деп білемін. Өйткені, қазіргі уақытта әлеуметтік мәселелер алдыға шығып, көп балалы отбасыларды қолдаудың жаңа тетіктерін іздестіру міндеті жүктеліп отырғаны белгілі. Міне, осы мәселені Елбасы ерте аңғарып, қазына қаржысын халық игілігіне жарату үшін атқарушы билікке нақты тапсырма қойды.

**Айып БАЙҚАСЫНОВ,**
**Жезқазған қаласы ардагерлер кеңесінің төрағасы**




**«Нұр Отан» партиясының бұл жолғы съезі ел үшін аса маңызды шешімдермен ерекшеленгенін атап өткім келеді.**

27 ақпандағы жиында Елбасы әлеуметтік салаға қатысты бірқатар тапсырмалармен бірге ауылға көңіл бөлу керектігін баса айтты. Соңғы жылдары жекелеген шаруашылықтарды қолдау механизмдері болмаса, ауылды жерлерді дамытуға бағытталған кешенді шаралардың қабылданбай келе жатқаны қынжылтатын. Енді сол олқылықтың орны толды. Мемлекет басшысы 2019-2021 жылдарды ауылды дамытуға 90 млрд теңге бөлуді тапсырды.

«Біздің ауылдарды өсім нүктелеріне айналдыруымыз керек. Әр ауылда қандай да бір жұмыс орнын ашу керек. Ол үшін микронесиелер бар. Жұмыс берсек тұрғындар ауылда қалады. Бізде бірінші мамандықты тегін оқыту жүйесі, Жол картасы бар. Мүмкіндіктер мол. Тек нақты жұмыс істеу керек. Баспана мен жол салып, әлеуметтік нысандарды тұрғызып, ШОБ-ты дамыту керек. Ауылда өзінің әлеуеті бар. Өңдеу өнеркәсібін ол үшін дамыту керек. Елімізде үлгілі ауылдар жетерлік», – деген Президент сөзі қазақтың алтын бесігі ауылды қайта түлетуге түрткі боларына сенімім кәміл.

Ауылдың ахуалы жақсарса, қалаларға да жаман болмас еді. Өйткені, шамадан тыс миграция ірілі, ұсақты қалаларда жұмыссыздық, тағы басқа да проблемалар туғызады. Сондықтан, атқарушы органдар Президент тапсырмасын сапалы орындауды қамтамасыз етуі керек.

**Бейсенкүл УТЕНОВА,**
**Кеңгір ауылының тұрғыны**

# ҮМІТ МОЛАЙЫП, СЕНІМ НЫҒАЙДЫ



Ақпан айының басынан бері елдегі жағдай ауа-райының мың құбылуымен ғана емес, халықтың көңіл-күй ауанының да алабұртып тұруымен ерекшеленіп тұрғаны ақиқат еді. Сондықтан да, еліміздің басты партиясы – билік партиясы «Нұр Отанның» кезекті съезінен күткеніміз көп болды. Әсіресе, әлеуметтік салаға қатысты Елбасы тарапынан жаңа нақты тапсырмалар берілетініне еш күмән қалмаған еді.

Съездегі Елбасының сөзі күткендегіден де асып түсті десек, артығы болмас. Мысалы, көпбалалы отбасылары үшін Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі арқылы жылдық 2-3 пайызбен тұрғын үй заемын берудің жолдарын қарастыру туралы тапсырма берілетіндігін ешкім де күткен жоқ. Ендігі мәселе, берілген тапсырманы сөзбұйдаға салмай тез арада қабылдап, халыққа таныстыру. Жұртшылық тапсырманың нәтижесін көзімен көріп, жанымен сезіне бастаса, ең бастысы – сол болмақ.

Ірі қалалардағы, облыс орталықтарындағы пәтер кезегінде тұрғандардың да, әлеуметтік жағынан аз қамтылған жандардың да басым бөлігі ауылдардың, өндірісі құлдыраған шағын кенттер мен қалалардың кешегі тұрғындары екені жасырын емес. Сондықтан да, Елбасы мәселенің салдарымен ғана емес, себебімен де күресу қажеттігін басты назарға алғаны байқалды. Бұған съездегі ауылды, біртектес қалаларды дамытуға байланысты жасаған мәлімдемелері дәлел.

Ауылдардың инфра-құрылымдарын дұрыстап, шағын және орта бизнесті дамытуға қамқорлық жасалса, халыққа табыс көзі табылып жатса, ел қалаға неге ағылсын?! Ағылмайды, әрине. 90-жылдардағы қиыншылық ауылдарды тұралатып тастағанын да мойындауға тиіспіз. Қазіргі уақытта ауылдар еңсесін тіктеп, көтеріп те келеді. Енді Елбасы жариялаған «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы ауылдың жаңа тынысын ашуға тиісті. Бұл ретте көп нәрсе жергілікті әкімдіктерге байланысты екендігі даусыз. Олар бөлінген қаражатты қалай игереді? Ауылға ең алдымен не қажет екендігін тап басып, таба ала ма? Мұндайда, меніңше, әкімдер сол жергілікті халықтың өзімен тікелей ақылдасып, кеңесіп, ортақ шешімге келіп қана не істеу керектігін қолға алғандары жөн. Әйтпесе, кабинетте отырып алып, «Давай, анау ауылға ананы, мынау ауылға мынаны жобалап жіберейік» дегеннен жағдай түзелмейді. Осыдан оншақты жыл бұрын жергілікті жерде қанша халық тұратынын, олардың қаншасы мектепте оқитынын сараптап, саралап жатпай-ақ, еліміз бойынша типтік жобамен мектептер салу белең алғанда, ақыры не болды? 500 орындық мектепке баратын бала саны 200-250-дің о жақ, бұ жағында ғана болып, зәулім ғимараттың жартысынан астамы қаңырап бос қалды. Кейін оларды «шағын орталықтар» ашып, толтырған болдық. Міне, осындай жолсыздықтарға ендігі жерде жол беруге болмайды.

Немесе, біртектес қалаларды қаржыландырғанда қандай мақсат болу керек. «Моноқалалар» қатарына мысалы, Жезқазған да, Сәтбаев та жатады. Елбасы тапсырмасына орай ертең қыруар қаржы бөлінеді. Сонда қаржы не үшін берілу керек? Қаржыны егер осы қалаларда жаңа өндіріс орындары ашылатын болса ғана бөлген дұрыс. Мысалы, егер әлдекім құлшынып шығып, «Жезқазған не Сәтбаев қаласынан, тіпті, Ұлытау ауданынан газет-журналдар басып шығаруға қабылетті баспахана ашамын» десе, мұндай жобаға қаржы құюға болады. Әйтпесе, жол жөндеуге, сәулеттендіру, абаттандыру дегенге басқа да қаржыландыру көздері жеткілікті. Біртектес қалаларды қаржыландыру бейнелеп айтқанда, бұрыннан бар алаңды бұзып, жаңасын салу үшін қарастырылмау керек. Яғни, шашылып жатқан қаржы жоқ, әрбір тиын сіз бен біздің маңдайымыздан сорғалаған ащы терімен жинақталады.

«Нұр Отан» съезінде Елбасымыздың берген тапсырмаларын абыроймен атқару жақында ғана жаңадан жасақталған Үкіметке үлкен сын болғалы тұр. Молайған үмітімізді сөндіріп алмау, нығайған сенімді селдіретпеу Үкіметтің, жергілікті әкімдіктердің тікелей міндеті.

**Абдолла ДАСТАНОВ,**
**«Шындық» қоғамдық бірлестігінің төрағасы,**
**Сәтбаев қалалық Қоғамдық кеңес мүшесі**

# КӨП ТҮЙТКІЛДІҢ ТҮЙІНІН ТАРҚАТТЫ

**Бас партияның бұл съезі еліміз үшін тарихи жиын болып қалатын түрі бар. Өйткені, соңғы уақытта өзектілігі айқын сезіле бастаған көп балалы отбасыларды қолдаудың нақты тетіктері осы съезде айтылды.**

Мемлекет басшысы съезде сөйлеген сөзінде көпбалалы отбасыларға 2-3 пайызбен баспана сатып алу мүмкіндігі берілетінін жариялап, қалың бұқараны қуантып қойды. Бұл өз кезегінде көпбалалы және толық емес отбасыларға, мүгедек балалары бар, аз қамтылған отбасыларға пәтер сатып алудың қолжетімділігін қамтамасыз етпек.

«Бұл санаттағы азаматтарға Тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі арқылы жылдық 2-3 пайызбен тұрғын үй заемын беру жеңілдіктері тетіктерін әзірлеуді тапсырамын. Ол үшін Тұрғын үй құрылыс жинақ банкіне қаражат қажет болады және оған жыл сайын 50 млрд теңге бөлуді тапсырамын», – деді Елбасы.

Президенттің бұл тапсырмасы әлеуметтік саладағы басты проблема баспана мәселесін оң шешіп қана қоймай, тұрғын үй құрылысына да жаңа серпін әкелері сөзсіз.

**Жанар МИНЖАСОВА,**
**көпбалалы ана**

ЕСЕПТІК КЕЗДЕСУ

# ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ӨЗ УАҚЫТЫНДА ШЕШІЛУІ ТИІС

**Қарағанды облысының әкімі Ерлан ҚОШАНОВ бір жылдық жұмысына шолу жасап, халық алдында есеп берді. Кеншілердің мәдениет үйінде өткен есеп беру кездесуіне ҚР Қоғамдық даму министрінің міндетін атқарушы Дархан КӘЛЕТАЕВ, ҚР Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы Сәлімгерей БЕКБЕРГЕНОВ және ҚР Парламент Сенатының депутаты Рысқали ӘБДІКЕРОВ қатысты.**

Кездесу барысы облыстық Saryarqa телеарнасы, e-Karaganda порталы, әлеуметтік желілер арқылы тікелей эфирден көрсетілді. Облыс әкімдігі баспасөз қызметі таратқан мәліметке сенсек, бұған дейін жергілікті әкімдердің өңір тұрғындарымен 429 кездесуі өтіп, оған 40 мыңнан астам тұрғын қатысқан. Одан бөлек, облыс орталығында үш күн бойы «Ашық есік» күні ұйымдастырылып, облыстық деңгейдегі барлық құрылымдар аймақ тұрғындарын толғандырып жүрген өзекті мәселелерге құлақ асқан. Бұл шара барысында билік назарына 115 сауал жолданыпты.

– Аймағымызда 1,5 миллион тұрғын бар. Бұл дегеніміз – 1,5 миллион тағдыр. Билік миллиондардың тағдырына бей-жай қарай алмайды, – деп есептік баяндамасын бастаған облыс әкімі Ерлан Қошанов есепті кезеңде атқарылған жұмыстарға тоқталып, алдағы уақытта қолға алынатын нақты жобаларды тізіп өтті. Сондай-ақ, өткен жылғы кездесуде көтерілген проблемалардың қаншалықты шешім тапқандығын тілге тиек етті. Бұл ретті облыс басшылығының ауылды елді мекендердің дамуына ерекше назар аударып отырғанын айта кеткен жөн.

Е. Қошановтың айтуынша, бүгінде облыста IT-сыныптар ашу, балаларға заманауи білім беру бағытында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Әсіресе, алыс ауылдарда IT-сыныптар көптеп ашылуда.

– Шалғайдағы ауылда небір талантты балалар бар. Олар заман көшінен қалмай, сапалы білім алуы керек. Сондықтан да, ауыл мектептерін заманауи оқу құралдарымен жабдықтау ісін қолға алдық. Былтыр «Нұр Отан» партиясының бастамасымен Жаңаарқа ауданының барлық мектептерінде IT сыныптар ашылды. Алдағы уақытта бұл үрдіс облыс аумағындағы аудандарды толығымен қамтитын болады, — деді Ерлан Қошанов.

Облыс басшысы соңғы уақытта өзектілігі артқан бірқатар мәселелерді шешудің тиімді жолдары табылғанын алға тартты.

– Көпбалалы аналар назардан тыс қалмайды. «Жұмақ ананың табанының астында» деген. Біз аналарға тиісті қолдау көрсетеміз. Облыс аумағында көпбалалы аналармен кездесулер өткізілді, арыз-шағымдары тыңдалды. Ешкімді кеудесінен кері итерген жоқпыз. Бәрін ескердік. Кездесу қорытындылары Үкімет жанында құрылған арнайы жұмыс топтарына жөнелтілді. Өз қолымызда тұрған мәселелерді шешуге атсалысамыз, — деді облыс әкімі.

Аймақ басшысының хабарлауынша, алдағы уақытта Қарағанды облысында көпбалалы аналар қоғамдық көлікте тегін жүре алады. Сонымен қатар, көпбалалы отбасылардан шыққан оқушылар тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі. Балабақшалар 50% жеңілдік ұсынады.

Сонымен бірге, көпбалалы аналарды тұрғын үймен қамтуда тың бастамалар қолға алынбақ. Есептік кездесуде айтылғандай, бүгінде Қарағанды облысы бойынша тұрғын үй кезегінде 36 мыңнан астам адам тұр. Олардың 1206-сы көпбалалы отбасы. Қазір аймақта тұрғындардың 11 санаты бойынша 300-ге жуық пәтер салынуда. Әйтсе де, бұл кезекте тұрғандардың барлығын баспанамен қамтамасыз етуге жеткіліксіз. Сондықтан да, облыстық бюджеттен қосымша 1 млрд теңге бөлініп, «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкіне» беріледі. Осылайша, көпбалалы ата-аналар жылдық мөлшерлемесі 2% құрайтын 15 млн. теңгеге дейін несиеге баспана алу мүмкіндігін иеленбек. Бастапқы жарна — 10%. Сонымен қатар, бастапқы жарнаны субсидиялау мақсатында тұрғын үй сертификаттарына 1 млрд теңге қарастырылған.

Жұмыспен қамту, коммуналдық саланы жаңғырту, білім беру, денсаулық сақтау, тағы басқа салаларда айтарлықтай ілгерілеу бар.

Әкім баяндамасын аяқтаған соң кезек сұрақтарға берілді. Кеншілер сарайын толтырған жұртшылықтың сұрақ, ұсыныстарына ешбір тоқтау болған жоқ. Қойылған сұрақтар мен көтерілген мәселелердің дені әлеуметтік сала мен коммуналдық шаруашылыққа қатысты болды. Есеп беру кездесуіне видеоконференция режимінде қосылған аудан, қалалардың тұрғындары да көкейдегі сауалдарын облыс басшысына жолдап жатты. Облыс басшысына сұрақ қойғандар ішінде жезқазғандықтар да болды. Қала тұрғыны Константин Цой Жезқазған мен Сәтбаев қалалары арасындағы тасжолда көлік апаттарының жиілеп кеткенін айта келе, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін алда атқарылатын жұмыстардың жайын сұраса, Өзен Қарбеков қалада үй алу кезегінде тұрғандар саны екі мыңнан асатынын айтып, Жезқазғанда жаңа тұрғын үйлер көптеп салынса екен деген тілегін жеткізді.

Түс ауа басталып, кеш қоюлана тараған кездесу аймақ тұрғындары үшін ғана емес, жергілікті мемлекеттік органдар үшін де тиімді пікір алмасу алаңы болды деуге негіз бар. Бес сағаттан артық уақытқа созылған жиында өңірдегі өзекті мәселелер ортаға салынып, шешімі кезек күттірмейтін күрделі жәйттер жарияға шықты. Ендігі міндет – сол айтылғандарды сиыр құймышақтатпай бір жақты ету.

**Өз тілшіміз**

1 НАУРЫЗ – АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ

# ҚАП ТАУЫНДА ТУЫП, ҚАРСАҚБАЙДАН ПАНА ТАПҚАН

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Он жасында ата жұртынан кіндігі ажырап, қазақтардың арасынан мейірім тапқан Эсруди Муцаев бүгінде өз тағдырын Жезқазған өңірінсіз елестете алмайды. Әрине, атамекеннің орны бөлек. Екі-үш жылда бір барып тұрады. Дегенмен, бүкіл ғұмыры өткен жерді қиып, ол жаққа біржола көшіп кете алмады. Тағдырдың жазуымен әке-шешесіне де топырақ осы жерден бұйырды. Үлкен қызы Роза Шешенстанда, қарындасы Исамат Дағыстанда тұрады. Жағдай келгенде соларға барып қайтатыны бар.

– Осыдан екі жыл бұрын Бейнеу жолымен бардым, қолайлы екен, – дейді қария.

Ерлермен қатар мыс зауытында еңбек еткен бәйбішесі Забухалим екі-үш жыл бұрын өмірден өтіп, Эсруди қарияның көңілі жетімсіреп қалса керек. Бес перзенттен қалған ұлы Висрадил жылу-электр орталығында істейді, қызы Наташа – базарда. Ендігі жерде немерелерімен қызықтап отырған жайы бар.

Бір ғажабы ұлты шешен демесең, Эсруди қарт қазақшаға ағып тұр. Балалары да біршама біледі екен. Жергілікті халықпен өздері де тонның ішкі бауындай жақсы араласып кетсе керек. Осы кейінгі күнге дейін қарсақбайлықтардың той-томалақтарынан қалдырмай шақырып отырғанын сүйсіне айтады.

– Ауыртпалық жылдардың зардабы артта қалды. Қиын кезде қазақтар шеттетпей бауырына басып, бір түйір нанды бөліп жедік, – дейді риза көңілмен.

**Амандық РАХҰЛЫ**
*Суретті түсірген автор.*

*Вера РОН:*

# ҚАЗАҚТЫҢ КЕҢ ПЕЙІЛІНЕ ТАҢ ҚАЛАМ



«Менің әкемді және оның анасы мен екі ағасын аман алып қалған қазақ халқына алғысымды білдіріп, басымды иемін. Өйткені, пейілі кең, көңілі дарқан қазақтар болмағанда, Рон әулеті түп-тамырымен жойылып кетер еді», – деп әңгімесін бастаған «Возрождение» неміс ұлттық мәдени орталығының жетекшісі Вера Рон күштеп көшіру саясатының құрбанына айналған әжесі Мина Карловнаның тағдырынан сыр шертті.

– Әжем Поволжьедегі Кошкинский ауданына қарасты Большая Константиновка ауылында бейқам өмір сүріп жатқан. Жолдасы Рудольфтан ерте қалған әжеміз төрт ұлды тәрбиелеп, мал шаруашылығы мен бау-бақшалықпен айналысқан. Ұлы Отан соғысы басталған тұста неміс ұлтының өкілдеріне сенімсіздік күшейіп, біздің халықты депортациялауға шешім қабылданған. Әжеме жиналуға небәрі бір сағат берген екен. Бір дорба асы мен бір түйін киім-кешегі бар әжем ұлдарымен бірге пойыздың мал тасымалдайтын вагонымен Қарсақбайға әкелінген. Қайда келгенінен хабары да болмаған оларды ауылдың тұрғындары далаға тастамай, қамқорлық танытқанын бертінге дейін әжем де, әкем де айтып келді. Осының бәрін естіп өстік. Менің әжемді қарамағына алған қазақ отбасы жеті жыл бойы өзінің үйімен, бір үзім нанымен бөліскеніне таң қалам, – деді Вера Карловна.

Жыл өткен сайын қазақ жерінен пана тапқан Рон әулетінің көсегесі көгерді. 1948 жылы Комбинатский елді-мекеніне қоныстанған олар өз қолдарымен үй салып, жұмысқа орналасты. Мина Карловнаның ұлдары өз алдарына отау құрып, ұрпақ өрбітті.

– Әжем де, әкем мен өзге ағаларым да қазақ тілінде сөйлейтін.Достары да өте көп болатын. Мектептен үйге қайтар жолда әкем біздің көшедегі әр үйдің жанына тоқтап, аман-саулық білісіп, сағаттап әңгіме-дүкен құратын. Демалыс күндері біздің үйде мереке болатын. Көрші-қолаң жиналып, шай ішетін. Есімде, әкем қонақ көп келеді деп бізге екі шелек тәтті тоқаш пісіртетін, – деген Вера Рон еліміз Тәуелсіздік алғалы бері депортацияланған ұлттардың халахуалы анағұрлым жақсарғанын алға тартады.

– Әкемнің ағасы Теодор Қазақстанға келгенде қудалауға ұшырады. Оны үнемі КГБ шақыртып, тергейтін. Әжем Германиядағы туғандарымен хабарласа алмайтын. Олардың хат-хабар алмасуына шектеу қойылып, қатаң тексерілетін. Әкемнің ағасын осыншама қудалаудың себебін уақыт өте білдік. Ұлы Отан соғысы кезінде Большая Константиновка ауылындағы әжемнің көршісі Мыновтар отбасының бір ұлы немістерге беріліп, Теодордың атын жамылған екен. Ағам туғаннан мүгедек әрі бұл жағдай орын алғанда қазақ жерінде тұрып жатқанын дәлелдеп, өзін ақтап шықты. Міне, содан бері біздің отбасымызда тыныштық пен береке орнады, – деген кейіпкеріміз «Возрождение» неміс ұлттық мәдени орталығының жұмысымен таныстырды.

1996 жылы негізі қаланған этномәдени бірлестік Жезқазған-Ұлытау аймағында тұратын 2150 неміспен тығыз қарым-қатынас жасауда. Орталық тіл саясаты мен әлеуметтік қолдау сияқты екі бағытта жұмыс істейді.

– «Возрождение» неміс ұлттық мәдени орталығы жұмысының алға басуына барлық жағдай жасалған. Қалалық әкімдіктің қолдауымен үлкен кабинет тегін берілді. Мұнда аптасына үш рет үлкен топ, жексенбі күні балалар неміс тілінде сөйлеу мен жазуға дағдыланады, ұлттық мәдениетіміз бен тарихымызға бойлайды. Ересектерге арналған екі топ пен балалардың бір тобына Татьяна Никитина, Ирина Черноногова, Айжан Шаханова мен Надежда Шавнева сабақ береді, – деп орталықтың жұмыс барысымен таныстырған Вера Карловна әлеуметтік көмек жобасы аясында жылына екі мәрте жағдайы төмен неміс отбасыларына азық-түлік себеті берілетінін және биыл бес адамның тісін протездеуге көмек көрсетілгенін, жеті қарияға әлеуметтік қызметкердің қызметі ұсынылатынын жеткізді. Сондай-ақ, «Тильман» отбасылық дәрігерлік амбулаториясында бейсенбі сайын дәрігер Виктор Тильман тегін қабылдау жүргізіп, келушілердің денсаулығын жақсартуға септесіп жатқан көрінеді.

Қаланың қоғамдық-мәдени өміріне белсене атсалысып жүрген «Возрождение» неміс ұлттық мәдени орталығы облыстық және республикалық деңгейде өтетін байқауларда да Жезқазғанның абыройын асқақтатып жүр. Бұл тар жол тайғақ кешуде кеудесінен итермей, бауырына басып, құшағын ашқан қазақ елі мен жеріне деген ризашылықтың белгісі екенін айтады Вера Рон.

– Біз қазақ халқының алдында қарыздармыз. Олардың көрсеткен қамқорлығы мен қайырымдылығының құны өтелмейді де. Сондықтан, біз өз тарапымыздан жас ұрпаққа ата-бабамыздың басынан өткен қиыншылықтарды жеткізіп, олардың бойында қазақ халқына деген құрмет пен ризашылықты қалыптастыруды парыз санаймыз, – деген Вера Рон 130-дан аса ұлт пен ұлыстың құтты мекеніне айналған Тәуелсіз Қазақстанның өркендей беруіне тілестестік білдіріп, барша неміс ұлты атынан қазақ халқына өздеріне жасалған барлық жақсылық үшін алғыс айтады.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: сенімге – серпін!

# ӘЛЕУЕТТІ ЖОБАЛАР – ӘЛЕУМЕТТІК САЛАҒА

**Әр Жолдау – ел үшін жаңа белес. Себебі Президент Жолдауында экономикалық саясат, инновациялық және сервистік секторлар, индустрияландыру мәселесі және тағы басқа маңызды бағыттармен қатар, қалыптасқан дәстүр бойынша елдің әл-ауқатына, әлеуметтік жағдайына да айрықша назар аударылған. «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауда да халықтың әлеуметтік жағдайы назардан тыс қалмады. Бұл Жолдауда алдымен назарға алынғаны – білім берудің, денсаулық сақтау саласының, тұрғын үйдің сапасы мен қолжетімдігі, жайлы және қауіпсіз жағдайда өмір сүру мәселелері.**

Бар құндылықтың негізгі қозғаушы күші – адам, оның білімі мен дағдысы, өмір сүру жағдайы, тұрмыс деңгейі болғандықтан Елбасы назарында ерекше болу заңдылық. Сонымен Жолдауда әлеуметтік мәселеге қатысты 5 жыл ішінде білім беру, ғылым, денсаулық сақтау салаларына барлық көздерден жұмсалатын қаражатты ішкі жалпы өнімнің 10 пайызына дейін жеткізу қажет делінген. Ерекше қарқынмен дамып келе жатқан Қазақстан халықаралық дәрежеде танылудың жаңа деңгейіне көтерілді.Осы орайда бұл қадам мемлекеттік отандық білім мен ғылымға және денсаулық сақтау салаларына өз тарапынан барынша қолдау көрсетіп келе жатқанын айқындайды. Осы орайда Президент Үкіметке 2019-2021 жылдарға арналған бюджеттен қосымша 50 миллиард теңге қарастыруды тапсырды.

Жолдауда көтерілген келесі маңызды мәселе – «Педагог мәртебесі туралы» заң қабылдау. Бұл құжат мұғалімдер мен мектепке дейінгі мекеме қызметкерлері үшін барлық игілікті қарастырып, жүктемені азайтуға, жөнсіз тексерістер мен міндеттен тыс функциялардан арашалауға тиіс. Дәл осы мәселе ұстаздардың ғана емес, білім беру ісінің бағыт-бағдарына, даму үдерісіне алаңдайтындардың да көңіліне қонды.

Тағы бір айта кететін жайт, жоғары білім беру ісінде оқу орындарының маман дайындау сапасына қатысты талаптары күшейтіледі. Оқу бітірген студенттердің жұмыспен қамтылуы, жалақысы жоғары жұмысқа орналасуы, жоғары оқу орындарын ірілендіру саясатын жүргізу, Назарбаев университетінің үлгісі мен өңірлік жаңа жоғары оқу орнын құру сынды бастамалар қолға алынбақ.

Кез келген мемлекетте, қай кезеңде де сапалы білім қаншалықты маңызды болса,медициналық қызмет сапасы да соншалықты маңызға ие. Жолдау барысында Президент осы мәселені айрықша бөліп қарастырды. Енді 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін қызметкерлерді ынталандыру үшін науқастар емдеу ісін басқарудың жаңа тәсілдерін енгізген учаскелік медицина қызметкерлерінің жалақысы кезең-кезеңімен 20 пайызға көбеймек. Осы мақсаттарға 5 миллиард теңге бөлінеді. Сонымен қатар 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап барлық емханалар мен ауруханалар медициналық құжаттарды қағазсыз, цифлы нұсқада жүргізуге көшеді. Бұл да Жолдауда айтылған тың бағыттың бірі.

Ұлт саулығы мемлекеттің басты басымдығы екенін қадап айтқан Елбасы Үкіметке және әкімдерге кем дегенде 100 денешынықтыру-сауықтыру кешенін салуды тапсырды.Президент бұл орайда адам және оның құқықтары мен денсаулығы маңызды екеніне басымдық берді.

Қарапайым халыққа тұрғын үйді барынша қолжетімді ету мақсатында қолға алынған «Нұрлы жер», «7-20-25» бағдарламалары бүгінде сәтті жүзеге асуда. Алайда, қашанда халықтың тұрмыс жағдайын жақсарту мәселесін үнемі назарда ұстайтын Елбасы, осы жолы да әкімдерге жергілікті бюджет есебінен жеңілдетілген ипотека бойынша алғашқы жарнаны ішінара субсидиялау мәселесін пысықтауды тапсырды. Сондай-ақ, халықтың әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтары үшін ірі қалаларда жалдамалы тұрғын үй құрылысы ұлғайтылмақ. Бұл шаралар 250 мыңнан астам отбасы үшін тұрғын үй жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді.

Түйіндей келе, елдің әл-ауқатын арттыру мен тұрмыс сапасын жақсартуға арналған әлеуеті зор Жолдауда айтылған мәселелерді жүзеге асыруға ел болып кіріскен жөн.Себебі Президент айтқандай, әрбір қазақстандық жүргізіліп жатқан реформалардың мәнін және олардың Отанымызды өркендету жолындағы маңызын жете түсінуге тиіс

Қазіргі таңда Жезқазған қалалық қазынашылық басқармасының алдына бағдарлы мақсаттары мен негізгі міндеттер бекітіліп берілген. Сондықтан ел мүддесі үшін атқарылатын бұл мақсатты міндеттерді іске асыруға басқарма қызметкерлері мемлекеттік мекемелерге қызмет көрсету сапасын жақсартуды жылдан-жылға арттыруда.

**Роза ШЕРТАЕВА,**
**Жезқазған қалалық қазынашылық басқармасы басшысының орынбасары**

# ЖАЙЛЫ ТҰРМЫС ЖІГЕРЛЕНДІРЕДІ

**Елбасы Н. Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты халыққа Жолдауында елдің әлеуметтік жағдайын нығайтып, жайлы тұрмысты қамтамасыз ету міндеттері қойылған болатын.**

Президенттің бұл тапсырмасы тек қалада ғана емес, ауылдық елді-мекендерде де атқарылуы тиіс бірқатар міндеттерді айқындады. Ауыл тұрғындарын сапалы ауыз сумен, заманға сай интернет, телефон байланысымен қамтамасыз етуден бастап, тағы басқа маңызды тапсырмалар жүктеліп отыр. Бұл тапсырмалар ойдағыдай жүзеге асып, ауылдық елді-мекендердегі тұрмыс сапасы артса, халықтың болашаққа деген сенімі нығайып, қоғамды жасампаз істерге жігерлендіретін ахуал қалыптасады.

Жезқазған қаласынан 91 шақырым қашықтықта орналасқан Малшыбай селосында қазіргі таңда 414 адам тұрып жатыр. 2018 жылы селоның заңды және жеке тұлғаларынан 18 142 290 теңге салық төленді, оның ішінде заңды тұлғалардан мүлік салығына 17 757 260 теңге, көлік салығына 6807 теңге, жер телімін пайдалануға 132 719 теңге, бірыңғай жер салығына 219487 теңге, жеке тұлғалардан жер салығына 15057 теңге, мүлік салығына 10960 теңге төленді. «Малшыбай селосы әкімінің аппараты» ММ-не барлығы 27 234 мың теңге қаржы бөлініп толығымен игерілді.

Село әкімдігі ауыл экономикасының негізін құраушы шаруа қожалықтарын құру мен дамытуға, ауылдағы кәсіпкерлікті ынталандыруға ерекше көңіл бөледі. Бүгінгі күні селолық округте 81 шаруа қожалығы тіркеліп оның 59-ы жұмыс істеп тұр, оның ішінде 4 шаруа қожалығы көкөніс шаруашылығымен айналысады. Селоның жалпы жер көлемі 331 128 гектарды құрайды, оның ішінде 169592,9 гектар ауыл шаруашылығына пайдаланылуда және 2405 гектар жер – шабындық. Ауыл тұрғындары негізінен мал шаруашылығымен айналысады.

Ауылда халыққа әлеуметтік қолдау шаралары ойдағыдай жүзеге асуда. Өткен жылы 7 адам жұмыссыз ретінде тіркеліп оның ішінде 3 адам тұрақты жұмыспен қамтылды. Малшыбай селосында жеке кәсіп ашып, оны дамытуға, бизнесті өркендетудің тұрақты көздерін қалыптастырып, жеке инвестицияны ынталандыру және нарық еркіндігін қолдау мақсатында 11 шаруа қожалығы мемлекеттік бағдарламаларға қатысты. Оның ішінде: 9 шаруа қожалығы ірі-қара малдарын асылдандыру бойынша субсидия алды, 1 шаруа қожалығы «Сыбаға» бағдарламасы арқылы 40 млн теңге, 1 шаруа қожалығы «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы арқылы 4 млн теңге алды.

2018 жылы «Дипломмен ауылға» бағдарламасы арқылы Малшыбай селосына 1 ағылшын тілі мұғалімі және 1 психолог маманы келіп, мектепте жұмыс істеп жатыр.

Мектептердегі спорт ғимараттарын тиімді пайдаланып, дене шынықтырумен айналысу мақсатында село тұрғындарына кешкі мезгілде, мектептің спорт залында волейбол, баскетбол секциясы жұмыс істейді.

Жергілікті бюджеттен Малшыбай елді мекенін жарықтандыруға 4 368 000 теңгеге 25 бағана орнатылып, жарықтандырылды.

Мектеп алаңын абаттандырып, көгалдандырып, ауыл көркін кіргізу мақсатында Жезқазған ботаникалық бағының демеушілігімен 200 дана ағаш отырғызылып, оны суаруға қажет 800 метр құбыр «Жалтырбұлақ» АҚ-ның демеушілігімен орнатылды.

2018 жылдың қараша айында «Транссигнал» АҚ-ның демеушілігімен Малшыбай селосына аялдама орнатылды. Жергілікті бюджет қаржысына тозығы жеткен трансформатор ауыстырылып, малшыбайлықтардың жарық мәселесі түбегейлі шешімін тапты.

Биыл ауылда жарықтандыру жұмысы қолға алынбақ. 21 электр бағанын орнату үшін жобалық-сметалық құжаттар әзірлеу үшін бюджеттен қажетті қаражат бөлінді. Сонымен бірге, биыл Сәтбаев-Малшыбай тас жолының 37-50 шақырымын жөндеу жоспарланып отыр. Сондай-ақ, ауылда тұрғындар арасында бұқаралық спортты дамыту, жастардың бос уақытын тиімді өткізуі үшін футбол, хоккей алаңдарын ашылмақ. Мәдениет үйі жөндеуден өтетінін, ауылда жаңа парк құрылысының басталатынын да айта кеткен жөн. Демеушілер көмегімен ауыл мектебінде компьютер класын жасақтау да көзделіп отыр.

Елбасы тапсырмаларын орындау мақсатындағы бұл іс-шаралардың барлығы қала басшылығының қолдауымен жүзеге асады. Ауыл халқының жайлы тұрмысы, әлеуметтік ахуалының артуы тұрғындарды жігерлендіріп, болашаққа нық сеніммен қарауға сеп болары сөзсіз.

**Қайрат БАПАНОВ,**
**Малшыбай ауылдық округінің әкімі**

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

# КӘСІПТІК БІЛІМГЕ – АЙРЫҚША НАЗАР

**Жезқазған қаласы қоғамдық кеңесінің мүшелері қаладағы кәсіптік білім беретін оқу орындарының жұмысымен танысты.**



Кеңес отырысына Жезқазғандағы үш орта арнаулы оқу орны Жезқазған бизнес және көлік колледжі, кен-металлургиялық колледжі мен технология және сервис колледжінің басшылары шақырылып, баяндама жасады.

Бизнес және көлік колледжінің басшысы С. Жумкина колледж заман талабына сай, нарықтағы сұранысты ескере отырып маман даярлауға мән беріп отырғанын айтады. Колледж бүгінде 9 мамандық бойынша маман даярлайды. Колледждегі 942 шәкірттің 562-сі мемлекеттік тапсырыспен оқытылуда. Шәкірттердің өндірістік мекемелерде тәжірибеден өтуі, оқуды бітірген соң жұмыспен қамтылуы колледж басшылығы мен түрлі мекемелер арасындағы меморандумдар негізінде шешімін тауып келеді.

Технология және сервис колледжі де нарықта сұранысқа ие мамандықтарды оқытады. Оқу орнының басшысы Т. Жәкенов бүгінде 343 шәкірт білім алып жатқан колледж қажетті кабинеттермен, тренажер, шеберханалармен жабдықталғанын айтады. Жатақханасы да бар.

Ел Үкіметінің «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасымен» 2017-2018 оқу жылында екі мамандық бойынша 50 шәкірт қабылданса, 2018-2019 оқу жылында бір мамандық бойынша 25 шәкірт қабылданған.

Қ. Жанаев басқаратын кен-металлургиялық колледжі де заман талабына сай оқу процесін ұйымдастырып келеді. Қазір барлығы 434 шәкірт білім алып жатқан колледж былтыр күзде 1-курсқа 142 шәкірт қабылдаған. Тарихы алпыс жылдан асатын бұл екі колледж басшысы да жылдан жылға жұмысшы мамандығына жастар тарапынан қызығушылықтың азайып отырғанын айтады. Оқу тегін, шәкіртақы төленетініне қарамастан мектеп түлектері жұмысшы мамандығын оқуға құлықсыз. Жұмыс берушілермен тәжірибе өту, жұмысқа қабылдау бойынша келісім жасау да күннен күнге қиындап бара жатқан көрінеді. Колледж басшылары әр оқу жылында облыстық білім басқармасына мамандықтар және қабылданатын шәкірттер саны бойынша тапсырыс берерде нарықтағы сұранысты анықтауға сеп болатын нақты зерттеулер, кәсіпкерлер тарапынан ұсыныстар болса деген тілегін айтады.

Колледж басшыларын тыңдаған кеңес мүшелері олардың баяндамалары негізінде қала басшылығына, облыстық білім басқармасына ұсыныс енгізетіндіктерін жеткізді.

**Өз тілшіміз**
*Суретті түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

## АКАДЕМИК Қ.И. СӘТБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА 120 ЖЫЛ



# ТАУ ТҰЛҒА

**Үстіміздегі жыл – академик Қаныш Сәтбаевтың кезекті мерейтой жылы. Биыл Қанекеңнің туғанына 120 жыл толып отыр. Тәуелсіздік жылдары туған жас ұрпақ қазіргі саналы азаматтар қатарында. Дегенмен осылардың ортамызда болмағандықтан, Қанекеңді білетіндері санаулы ғана десек қателеспеспіз. Өзен суындай жылжыған өмір талай өзгерістерді артқа тастап, қаншалықты жаңалықтар әкеліп жатқанын біле бермейміз. Бұларды әлсін-әлсін өткенге көз салғанда ғана байқаймыз. Осындай өткенді шолу сәті мерейтойлық жылдарда сұранатыны сөзсіз. Осы жайларды ескеріп, еліміздің өрлеу, өркендеу мәселелерін қолына ала бастаған қазіргі жастарға арнап Қанекеңнің өмір жолына тағы бір шолу жасап өтуді жөн көрдім.**

Қанекеңнің бүкіл өмір жолын, оның ішіндегі геология саласындағы аса салмақты еңбектерін түбегейлі зерттеген жазушы – Медеу Сәрсеке. Бұл кісінің де еңбектерін қарап өтуге тура келді. Баршаға Сәтбаевтың Отаны үшін, халқы үшін білімі мен жігер-қайратын түгелдей жұмсап жасаған істерінің кейбір кезеңдерін осы мақала арқылы жеткізгім келеді.

Кейбіреулер Қанекеңді тек Жезқазғанмен ғана байланыстырады. Бұл заңды, дегенмен де, ол кісінің еңбегін бір ғана Жезқазғанмен тәмәмдауға болмайды. Бұлай деу – оның тұлғалық салмағын азайту, ел алдындағы, мемлекет алдындағы істеген ерен істерін толық бағаламау болар еді. Шынында да, Қаныш Сәтбаев қазақтың «сегіз қырлы» деп бейнелейтін тұлғасына сайма-сай келеді.

Сөзсіз, Сәтбаев Жезқазған кен орнын ашпаса да, оның теңдесі жоқ мол мысты қабаттарының барлығына әу бастан-ақ көзі жеткен дана ғалым, болмашы жасалған барлау нәтижесінің өзімен-ақ үлкен болжам жасаған данышпан геолог екендігін мойындамайтын адам жоқ. Бұны сол кездердегі онымен қарсылас пікірде болған атақты геологтар да мойындаған. Бұл Қаныш еңбектерінің сөзсіз ең құнарлысы, ең игіліктісі деген дұрыс болар еді. Оның дана көрегендігінің мынадай айғақтары бар.

Жезқазған кен орнының руда қорларының мөлшерін анықтау үшін барлығы (1999 жылға дейін) 9500-дей скважиналар бұрғыланса, оның тек 1800-дейі ғана Қанекең істеген кездерде бұрғыланған. Ол скважиналардың (1800-дің) көпшілігінің тереңдігі 100 метрден аспаған, бірен-саран скважиналар ғана (опорно-параметрические) 300-400 метр тереңдікке бұрғыланған. Міне, осындай болар-болмас мәліметтерді негіздей отырып, Қанекең бұл кен орнының алып мөлшерлі екендігіне, ондағы рудалардың орналасу тереңдігінің мол екендігіне болжам айтқан. Кен орнының гидротермалдық жаратылысын дәлелдей отырып, 1932 жылы Қанекең мыс рудаларының орналасуы жоғарғы қабаттарға тән екенін, ал төменгі қабаттарда мыспен қатар түсті металдар болуы мүмкін деп жазған (К.И. Сатпаев. «Основные специфические особенности геологии и металлогении Джезказган-Улутауского района», стр.100, Алматы, 1956 г.). Кейінгі 1960 жылдарда жүргізілген барлау жұмыстары, Қанекеңнің осы болжамдарының дұрыстығын дәлелдеді, руда қабаттарының 700 метр тереңдікке дейін орналасқаны, Анненский руда қабаттарында мыспен қатар қорғасын, мырыш, күміс, мышьяк элементтерінің барлығы анықталды.

Осының бәрі – уақытында геологиялық барлау жұмыстарын жүргізудің, оған керекті қаражатты бөлгізудің, бөлінген қаражатты нақтылы пайдаланудың нәтижесі. Бұның оңай шешілмегеніне Сәрсекенің «Қазақтың Қанышы» атты кітабында жазған бір дәлелін келтірейік.

1927 жылы Сәтбаев Том институтын бітірісімен, «Атбасар түсті металл тресінің» бас геологы болып тағайындалып, оған Қарсақбай мыс қорыту комбинаты геологиялық барлау қызметінің жетекшілігі жүктеледі. Жезқазғанға тұңғыш келгенде Одақтық Геолкомның Орталық Қазақстан бойынша бас маманы, Жезқазғанда үш жыл бойы геологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізіп жүрген атақты геолог И.С. Яговкин қолда бар материалдарын тапсырып тұрып:

– Жезқазғанды малданып қалмаңыз, мұның болашағы баянсыз екен, ащы болса да, шындық солай. Мұндағы барлау жұмыстарын бірер жылда аяқтап, басқа бір қоры мол, іргелі кенге ауысу керек. Мына кен орны – құнарлығы жоғарғы қабатына ғана шоғырланған, мардымсыз кен, – дейді.

Ағылшын деректері де, сайып келгенде, сондай қорытындыға әкеледі. Міне, Қанекең Жезқазғанды қолына алғанда оның алдындағылардың пікірлері осындай еді. Бұл, қазіргі дәрігерлердің адамға рак ауруымен ауырасың дегеніндей, болашаққа үмітті сөндіретін, адамның ынта-жігерін өшіретін шешімдер еді.

И.С. Яговкин осы пікірін өзгертпей, Геолкомның бас маманы ретінде Қ.Сәтбаевтың Жезқазған үшін болашақтағы сұраныстарына ылғи да қарсылық жасап отырған. Оның пікірі шешуші пікір болғанын ескерсек, Қанекеңнің жыл сайын қандай кедергілерден өтіп, өзінің мақсатын қандай қиындықта іске асырып отырғанын көз алдымызға елестетуге болады. Бұл тек тау тұлғалы Қанекеңнің ғана қолынан келе алған, басқаның қайраты қайтып, жігері құм болатын қиындық десек қателеспеспіз.

Түбінде Яговкин де Қанекеңнің даналығын мойындауға мәжбүр болған. Ол Қарсақбайға соңғы келгенінде (шамасы, 1935 жыл) геологтарды жинап алып, сұхбат жасаған. Әрине, бастапқы әңгіме Жезқазған кен орнын одан әрі зерттеу жайында болған.

– Қымбатты әріптестер, көп уақыт Жезқазған туралы жаңсақ пікірде болып, бұл кен орнын мезгілінде барлауға едәуір зиян келтіргенімді мойындағым келеді. Ақырында сіздер жеңдіңіздер, шындық жеңді! Сондықтанда мен, Қаныш Имантаевич, сіздің табанды күресіңізге шексіз ризалық білдіріп, Жезқазған қазынасын барлауда менен әлдеқайда алысты көрген, тереңдегі қисапсыз кенді болжай білген, ғажап дарыныңызға басымды иемін! – деген екен (Медеу Сәрсеке. «Қазақтың Қанышы», 301-бет).

1939 жылы Жезқазған геологтары Жезқазған кенінің көлеміне жиынтық есеп жасаған. Орталық қор комиссиясы (ОҚК) олардың ұсынған есебін кедергісіз бекітті. Бекітіп қана қойған жоқ: «...Бір ұжымда он бес жыл бойы үздіксіз жұмыс істеп, Отан игілігіне орасан мол пайдалы қазбалар тауып берген геолог Қ.И. Сәтбаевтың үлгілі еңбегін ерекше атап өтуді ОҚК парызы деп біледі. ... Бұл жылдарда ол барлау жүргізген кен орнының қоры 457 есе өсті. Ал бұл жәйт, біздің геологиялық қызметімізде теңдесі жоқ тамаша іс!» – деп жазған Қор комиссиясы өзінің шешімінде. Геологиялық барлау жұмыстарының ең жоғарғы арбитрі болып саналатын бұл комиссиядан мұндай баға алу – бұрын-соңды болмаған жағдай.

Жезқазған-Ұлытау аймағының кен байлығын іздеу жолындағы үздік еңбегі үшін Қ. Сәтбаевтың 1940 жылы Ленин орденімен марапатталғаны – оның, ең алдымен, Жезқазған кен орнын қоры мол, болашағы ұзақ пайдалы қазбалар орнына айналдырудағы ерен еңбегінің мемлекет тарапынан бағаланғандығының айғағы.

Жезқазған мәселесін реттеп үлгермей жатып, Қанекеңе шұғыл түрде марганец кенін барлауға тура келеді. Бұған Одақтың қара металлургия зауыттарының марганецке мұқтаждығының 91,6 пайызын беріп тұрған Украинадағы Никополь мен Кавказдағы Чиатура кендерінің 1941 жылдың күзінде неміс басқыншыларының қолында қалуы себеп болды. Бұл соғыстың қажеті үшін артиллерия мен танкілер жасауға төнген зор қауіп еді. Міне, осындай, Отанымызға төнген алып қатер күндерінде Қанекең өзінің дана көрегендігін тағы көрсетті. Оған сол уақытта барлауы толық басталмаған (1928 жылы аздаған металл белгілерін ғана көрген) Жездіден қажетке жеткілікті марганец табылады деп болжам жасап, оның болашақ қорын мемлекеттік Қор комиссиясына мойындаттыру оңайға түскен жұмыс болмады. Осыған байланысты Қазақстанның беделді геологы М.П. Русаковтың айтқанындай, «Қанекеңнің шын мәніндегі керемет ұлылығы...» осы арада тағы көрінді. Оның даналығының, көзі жеткен мәселені басын тігіп дәлелдеуінің арқасында, тез арада рудник ашылып, соғыс қажетін Жезді руднигі сапалы марганец рудасымен толық қамтамасыз етті. Бұл істің қандай зор маңызды болғанын КСРО Қара металлургия министрі И.Ф. Тевосянның Сәтбаевқа жолдаған хатынан байқауға болады: «...Сіздің Жезқазған аймағынан орасан зор мыс кенін ғана емес, Ұлы Отан соғысының қатерлі күндерінде құнарлы марганец қоймасын тауып бергеніңізді Орал металлургтері ешқашан ұмытпайды. Бұл ерліктің шынайы бағасын ұрыс майданына шайқасқа шыққан құрыш сауытты кеңес танктері кезінде айқын дәлелдеген болатын» (М.С. « Қазақтың Қанышы», 436-бет).

Қазақстанның қазіргі мақтанышы болып тұрған мұнай байлығына да Қанекеңнің тікелей қатысы бар. Маңғыстау өңірінің мұнайлы қабаттарға мол екенін көрегендікпен болжаған геологтардың басында Қанекең болған. Осыған байланысты шараларды дайындап жүргенде түбектен уран кен орны ашылып (1956 жыл), соған 900 шақырымдық Мақат-Ақтау теміржолы салынады. Азғантай уран рудасын алу үшін теміржол салудың тиімділігіне күмән туып, тергеулер жүргізіліп, министрдің жауапкершілігін қарамақшы болады. Осы шақта: «Маңғыстаудан мұнай көзі ашылғанда мен Мұнай министрінен кем қуанғаным жоқ. Теміржол мұнай өндірісінің тағдырын шешсе, мұнай мені жазадан құтқарды», – депті КСРО-ның Орташа салмақты машиналар жасау министрі Е.П. Славский (М.С. «Қазақтың Қанышы», 527-бет). 1981 жылдың күзінде, Медеу Сәрсекеге берген сұхбатында ол:

– Оған себепші болған, дем берген – академик Қ.И. Сәтбаев. Сіздер, қазақстандықтар, көңіліңізге келмесін, турасын айтайын, қандай ұлы адамды жоғалтқандарыңызды әлі де сезбей жүрсіздер. Қаныш Имантаевичтың шынайы қадір-құрметін бұл ғасырда біліп, терең ұққандар санаулы десем артық емес. Сірә, оған лайық та, әділ баға XXI ғасырда берілер, бәлкім, соның бас кезінде. Бұлай деуіме, қымбаттым, толық қақым бар, оны да тыңдаңыз, сізден жасырғым келмейді... Мынау омырауымдағы үш жұлдыздың біреуін мен Маңғыстау түбегінде тыңнан өндіріс ашып, аймақ экономикасын өркендеткен еңбегім үшін алдым, – депті министр. – Шындығында, бұл жұлдыздың шынайы иесі – академик Сәтбаев! Ол мені осы іске жекпесе, ондағы ғажап қазына көздерін болжаумен біліп, сендірмесе, тарихи жазбаларда «Өлі қолтық», кейде «Барсакелмес аралы» атанған, құдай қарғаған дерлік сусыз, нусыз, жері тұзды, қылтанақсыз тап-тақыр қу медиенге теміржол тартып нем бар?! Өндіріске қажет жабдықты теңіз арқылы жеткізіп, дайын өнімді ұшақпен-ақ әкетер едік қой. Бірақ, Қаныш Имантаевич бұл шаруаға біздің бәрімізден де тереңірек мән беріп, өзгеше пиғылмен қарады да, өзінің айтқанына көндіріп, ақыр аяғында түбектің жер астындағы мол қазынасының тезірек ашылуына себепкер болды. Кезекті алтын жұлдызды аларда мен тиісті адамдарға осылай дедім, тіпті үкімет атына ресми хат та жаздым. Амал не, мен осы күнге дейін түсінбейтін бір пасықтық әрекеттер араласты да, туған Қазақстанынан пәле-жаланы үйіп төккен қағаздар келіп түсті. Сөйтіп, отаншыл перзент, елі үшін осындай асқарлы істер істеп кеткен Қ.И. Сәтбаев бұл жұлдыздың біреуін де кеудесіне тақпай-ақ өмірден кетті.

Міне, осылайша, Қанекеңнің елімізден алмаған бағасын бөтен замандасы берген.

Екібастұз электр стансалары еліміздің электр энергиясын өндіретін зор орталыққа айналғалы 30 жылдан асты. Бұл дүние жүзінде теңдесі аз, 5 жылу стансасынан құралған алып құрылысты сумен қамтамасыз ету өз кезінде шешуі қиын үлкен проблема тудырған. Оның бір стансасының қуатты конденсаторларын суыту үшін секундына 118, ал жылына 4 миллиард текше метр көлемде су керек екен. Бұған қосымша, жылдам өсіп келе жатқан Қарағанды өндіріс торабының суға қажеттігі де шешімін табуды күтуде еді. Осы проблеманы шешудің жолын, бір жағынан, Одақ көлемінде «Водоканал» институты және оны қолдаушы қазақстандық гидрогеологтар жерасты суларын пайдалану арқылы шешу керек деп ұсынса, екінші жағынан, Сәтбаев бастаған Қазақстан Ғылым академиясының ғалымдары Ертіс өзенінен жарма (канал) тарту арқылы шешу керектігін ұсынған. Осыған байланысты пікір таластыру көп уақытқа созылып, дұрыс шешімін таба алмайтындай қауіп туғанда, Қанекең:

– Түптеп келгенде, мәселе – жер астындағы судың Қарағанды өндіріс торабының қажеттігін толық өтей алмайтындығында емес. Әңгіме сол суды орнынан қозғауға болмайтындығында!.. Неліктен біз жер қойнауында жатқан барлық байлығымызды, бұған мен су қорын да қосамын, алдыартымызға қарамай, еш нәрсеге ойланбай, тып-типыл етіп құрта беруіміз керек? Жоқ, біз оларды көздің қарашығындай сақтауға міндеттіміз! Өзімізді өмір-бақи асырап отырған табиғатты қорғау, жер астындағы қазба, су байлықтарымызды шақтап пайдалану – бұл, жолдастар, болашақ ұрпақ алдындағы қасиетті борышымыз!.. Әлбетте, мен Сарыарқа қойнындағы жерасты суын ауыл шаруашылық қажеті үшін пайдалануға, айталық, жануарларды суғарып, егін, көкөніс өсіруге, елді-мекендердің қажетін өтеуге жұмсалуына ешқандай қарсы емеспін. Жылма-жылғы қар мен жаңбыр суы бұл шығынды әрқашанда толтырып отырады. Жерге одан келер зиян жоқ... Ал жарма құрылысын ешқандай дау-дамайсыз жақтағанымыз жөн болар, – деген Ғылым академиясының осы мәселені қараған арнаулы отырысында (М.С. «Қазақтың Қанышы», 549-бет).

Дегенмен, бұл мәселенің шешуі Мәскеуде еді, ал ондағылар болса, «Водоканал» институтының жобасын қолдаумен болған. Өзіне тән, бастаған ісін аяқсыз тастамайтын Сәтбаев әділеттікті бұрынғыдай Министрлер кеңесінен іздейді. Бұл жолы КСРО Министрлер Кеңесі төрағасының бірінші орынбасары және Жоспарлау комитетінің сол кездегі төрағасы А.Н. Косыгинге ресми хат жолдайды (1959 жылғы 11 шілде). Хатпен шешіле салмайтынын сезген Қанекең сол жылы жазда Мәскеуге барып, А.Н. Косыгиннің қабылдауында болады.

– Сіз маған әуелі бұл құрылыстың Қазақстанға қаншалықты қажет екенін түсіндіріп беріңізші, – дейді Косыгин ғалымға кірген бетте. Сонда Қанекең:

– Қымбатты Алексей Николаевич, сіз мені соғыс кезіндегі ауыр жылдардан білесіз, сізбен әрқашан да мәселенің турасын айтып, ұғысып келеміз... Қазір де сол әдетімнен айнығым келмейді, әмбе сіздің маған деген сеніміңізден! Туған Қазақстанымның жер асты қазынасын ашуда мені бірдеме бітірді деп білсеңіз, сізге өте ащы бір шындықты естіртейін: Орталық Қазақстанның геологтары іздеп тапқан көп қазынасы әжетке аспай бос жатыр; осы күнге дейін шұқылап қана қазып жүргеніміз – он бөліктің бірі ғана, тіпті одан да аз; мыс, марганец, қорғасын, қисапсыз мол темір кендері, ал Екібастұз – Одақтағы төртінші отын, әрі ең арзан көмір ошағы сұранғалы қашан!.. Айтпаңыз, кеніштің қоры да, энергетикалық қуаты да керемет зор! Осының бәрі суға тіреліп, қолбөгеу болып тұр. Қысқасы, бұл өлкеге бір кезде теміржол қаншалықты қажет болса, Алексей Николаевич, көгілдір жолсыз, яғни кең арналы жарма арқылы су жеткізбей, ештеңе өнбейді. Жерасты суларын тарту – уақытша тірлік, әмбе экологиялық зардабы мол іс. Және «теңіз» аталып жүрген соларды көрген кісі жоқ, демек, сенімсіз шаруа... Жарма ғана, қымбатқа түссе де, үлкен де қазыналы аймақтың тағдырын шешеді!, – дейді.

Сонда Косыгин ұзын үстелдің шетінде қаттаулы тұрған қомақты бумаларды нұсқап:

– Мыналардың бәрі – сіздің әлгіде маған айтқан пікіріңізге мүлдем қарама-қайшы уәж айтқан тұжырымдар. Оларды өте жауапты, өзіндік ойы бар, атақ-беделі жеткілікті ғылым иелері жазған... Сөйтсе де, қымбатты Қаныш Имантаевич, сіз мені өз ойыңызға біржола иландырдыңыз! – дейді.

Осылайша, Орталық Қазақстанның болашағына кең мүмкіндік ашқан Ертіс – Қарағанды жармасын салу мәселесі шешілген. Мұның маңызын жемісін көріп отырған қазіргі қазақстандықтар ғана емес, болашақ ұрпақтар бағалар.

Қ.И. Сәтбаевтың геология саласындағы еңбектерінің финалы «Орталық Қазақстанның металлогениялық картасын» жасау болды. Осы еңбегі үшін Қанекең өзімен бірге осы еңбекке қатысқан қазақстандық 5 геологпен бірге «Лениндік сыйлықтың лауреаты» атағын алды. Бұл еңбекте Орталық Қазақстанның аумағында кездесетін металлдарды іздейтін жерлер көрсетілген. Бұл – болашақ геологтар үшін қазіргі айтып жүрген «Жол картасы». Бұл еңбекті әлі толық пайдаланбадық. Оны пайдаланушылар да, бағалаушылар да болашақтың геологтары болар деп сенеміз.

Қаныш Сәтбаев – қазақтан шыққан тұңғыш геолог. Дарынды даналығын кезінде Одақ көлемінде мойындатқандығын айқындайтын дәлелдерді Медеу Сәрсекенің деректерінің негізінде, қазіргі жастарымыздың есінде қалсын деп, осы мақалада қайталап отырмын. Оның қазақтан ғана емес, Кеңес Одағына кіретін көптеген ұлттардың ішінен шыққан Одақтық Ғылым Академиясының тұңғыш академигі, төрт мәртебе Одақтың жоғарғы ордені ¬– Ленин орденімен марапатталған, Сталиндік (Мемлекеттік), Лениндік сыйлық иеленген қазақтың тұңғыш перзенті, Қазақ КСР Ғылым Академиясының тұңғыш президенті, бар қайрат-жігерімен халқына қызмет етіп өткен аяулы перзенті екенін ұмытпауымыз керек.

Осыдан 20 жыл бұрын Қ.И. Сәтбаевтың туғанына 100 жыл толу мерекесін еліміз тойлаған болатын. Сол сияқты ЮНЕСКО-ның қолдауымен дүние жүзінің бірнеше мемлекеттерінде де аталып өтілді. Бұл – Қ.И. Сәтбаевтың еңбектерінің тек Қазақстан үшін емес, бүкіл Кеңес Одағы сияқты алып державаға маңызының өте зор болғандығының дәлелі.

«Алыпты алып қана арқалай алады. Абайдай данышпанды Әуезов әлемге танытты. Сәтбаевтың ұлы тұлғасын М. Сәрсеке ұлықтады. ЮНЕСКО жариялаған дерекке қарағанда, оның «Сәтбаевы» әлемнің 112 еліне тарапты! Бұл – заңғар ғалымның есімін туған жұртында айтқызбай жүрген кешегі кереғар заманда Медеудің ерлігімен жүзеге асқан іс. Мансұқ тақырыбын отыз алты жыл бойы жалғыз арқалаған қайсар жазушы ұлы тұлғаның дүние жүзі тойлап отырған 100 жылдық мерейтойына «Қаныш елі», «Қазақтың Қанышы» атты жаңа туындыларымен келіп отыр. Ұлтымыздың ұлы перзенттерін ұлықтаудың үлгісі осындай-ақ болар», – деп жазған роман туралы Қазақстанның халық жазушысы Ә. Нұршайықов.

Геологияда тау жыныстарының кеміріліп-ұнтақталуы (выветривание) деген құбылыс бар. Осының керемет күш екендігін қазіргі қыраттарға айналған бір кездердегі биік таулардан, жазыққа айналған бұрынғы белестерден көреміз. Бұл, өмірде ескіру, өзгеріп кету, тіпті жоқ болып кету құбылыстарының жалғасып жататынын көрсетеді. Тарихи тұлғаларымызды да осы құбылыс көлеңкелемес үшін, олардың атын істеген игілікті істерімен бірлестіріп, есімізде жиі-жиі жаңғыртып отыруымыз керек сияқты. Біз, қазіргі орта жастан асқандар, асыл жерлесіміздің атын есте сақтауды болашақ ұрпаққа парыз етеміз.

Шолуымызды аяқтай келе қосарымыз, жезқазғандықтардың өмірі сырт көзбен қарағанда өзгеріссіз өтіп жатқаны байқалады. Тек біз сияқты геолог мамандығының иелері ғана байқайтын өзгерістер көңілді жабырқатады. Олар – Қанекеңнің халқына қалдырған Жезқазған кен орнының мыс қорларының түбі сезіле бастағандығы, оны жалғастыратын басқа мүмкіндіктердің дайындалмағандығы. Әсіресе, Жезқазған мысының белгі тасындай болып келген Рудник кентінің, Весовая, Крестовская шахтерлар кенттерінің қиратылуы жүрегімізге жара салғандай. Осы көріністер тірі дененің кейбір мүшелерін алып тастағандай сезім тудырады, көңілді құлазытады. Осындай келеңсіздіктерді көріп тұрып, Қанекеңнің осы өмірдегі ерен еңбектері бағаланып жатыр деп айта аламыз ба?

Егемен қазақ елінің бас байлығы, ауыз толтырып мақтанары – қазбалы байлықтар молдығын халық игілігіне айналдырған геологтар қауымы кезінде геология министрлігіне қараған әрқайсысы 10 дала экспедициясынан тұратын 5 аймақтық геологиялық басқармадан – «Казгидрология Тресінен», «Қазмұнайгаз» геологиялық басқармасынан құралған ұжым болған. Бұларға қосымша геологиялық жұмыстарға ғылыми тұрғыдан көмек көрсеткен «КазГин», «Казимс», «Казмеханобр» сияқты ұжымдар да болған. Енді қазіргі таңда осылардың атқарған барлық жұмысын ел үкіметі бір ғана, құрамында 5-6 бұрғылау бригадасы бар «Казгеология» деген ұжым атқарады деп сендірмекші.

Мысалға айта кетейік, бір ғана Жезқазған геологиялық барлау экспедициясының өндіріс күші кей кездерде 82 бұрғылау бригадасынан тұрған, оның 47-сі жыл бойы үзіліссіз жұмыс істейтін болған. Тап осы кезде қазақтың «Айдағаның бес ешкі ысқырығың жер жарады» деген сөзі еріксіз еске түседі.

Біздің сенуімізше пайдалы қазбаларды қайтадан молынан іздеу кезеңі алыс емес. Сол кезде Қанекеңнің салған жолы жалғасын тауып, нәтижесін береріне сенеміз. Халқымыз қай замандарда да болашағына зор үмітпен қараған, біздің де үмітіміз алда болсын.

**Сұлтан СҮТБАЕВ,**
**Қазақстан Республикасының құрметті геологы**

## ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ

# ТАЛДЫСАЙ МЕТАЛЛУРГИЯЛЫҚ ҚОНЫС ОРЫНЫНДАҒЫ ҚҰРБАНДЫҚ АЛАҢЫ

**Қола дәуірінде адамзат қоғамының дамуына көптеген түпкілікті өзгерістер әкелді. Оның ішінде мал шаруашлығы, жер өңдеу, металлургия және руданы өндіру, металдан еңбек құралдарын және қару мен әшекей дайындау, тұрғын үй салу дамыды. Сонымен қатар адамдардың рухани өміріне бірқатар өзгерістер ене бастады. Бұның барлығы жерлеу ғұрыптық және алғашқы қауымдық дүниетанымдағы мифологиялар, басқа өмір туралы концепциялар адам өміріне өзгерістер енгізді.**



Металл балқыту ісі көне металлургия білім мен біліктілікті, мол тәжірибені талап етті. Мұның барлығы от шеберіне көнеден бері ерекше құрмет және үлкен қорқынышпен қарауға итермеледі. Металлургия сырын тайпа ішіндегі тек қана арнайы бірнеше адам білгендігі этнографиялық деректерде кездеседі, сондай-ақ аталған адамдар ғана мыспен басқа металдарды балқытуға құқылы болған. Бұл құбылыс құпия түрінде болған және шебер оны тандаулы адамға ғана үйреткен.

Көне қоғамда металл қорытуға қатысты көптеген ғұрыптық жоралар жасалған, яғни ғұрыптардың тазалығы тікелей әсер ететініне сенімді болған тұрғындар жаңа салынған пештерді қасиеттеп, астына сиқырлы заттарды көмген. Ал, малшылар құрбандыққа мал шалған деген болжам да жасауға болады. Осындай ғұрыптар мен жоралғылар жүйесі таза өнім алуға бағышталған. Металл қорыту жұмысы күрделі тыйымдармен де белгілі, мысалы, Африкадағы зулус металлургтері кен қорытуды адам жүрмейтін тасаларда жүргізген, себебі олардың жұмысын ешкім көрмеуі тиіс болған. Сондай-ақ, металдың таза өнімін алу үшін руданы адамның майымен аластау керек деген ұғым бар, ал ол үшін адамды құрбандыққа шалған. Сондықтан да, металлургтерден айналадағылар қорқып, ұстаханаларды мүмкіндігінше айналып өтетін болған. Ал, егер де, металл қорыту техникалық себептерден дұрыс өнім бермеген болса, онда ғұрыптар дұрыс жасалмаған немесе металлург рухтарға жақпаған деген пайымдармен түсіндірген (Құрманқұлов Ж, Ермолаева А.С, Ержанова А.Е. Талдысай қонысы көне металлургия ескерткіші. – Алматы 2012).

Талдысай – металлургиялық қоныс орны көне кеншілер металлургтар өмір сүрген елді-мекен, металл балқыту ісі мен басқадай қолөнерлер өркендеген өз заманының ірі шаруашылық өндіріс орталығы. Бұл жердегі археологиялық зерттеу жұмыстары 1994 жылдан басталған. Нәтижесінде шахталық типтегі пеш орындары, тұрғын үй-өндірістік кешендері, құрбандық алаңдары анықталған болатын. Металлургиялық қоныс орнында құрбандық шалудың бірнеше түрлері ашылды:

1) Металлургиялық жұмыстардың кезекті циклының басында берілетін құрбандықты металлургиялық шұңқырлар мен ошақтардың жанындағы еденнің кішігірім қуыстарында жатқан төрт қозының қаңқасы сипаттайды;

2) Үйді тұрғызар алдында, не болмаса кешеннің қызмет көрсетуі барысында жасалған құрбандық жануар сүйектері мен еңбек құралдары түрінде көрсетілген. Заттар тұрғын үй шеберханасының қабырғасы түбіндегі екі шаруашылық немесе құрбандық шұңқырларына жайғастырылған;

3) Үй-шеберхананы қалдырар кезде жасалған құрбандыққа сатылы қабырғаға жануар сүйектері мен бір шоқ мыс кені және қабырға түбіне араластырып сүйек пен тас бұйымдары қойылған.

Шығыс тұрғын үй өндірістік кешенінің оңтүстік-шығыс және солтүстік-батыс секторларында шартты түрде оңтүстік және солтүстік деп аталған екі құрбандық алаңы ашылды. Онда кезінде ірі қара сиыр малы және ұсақ малдың тұтас және бөлшектелген сүйектері анықталған. Малдардың тұтастай және және бөлшектенген сүйектерінің дене бөліктері шұңқырдың бетіне де, шығыс металлургиялық шұңқырдың түтіндігінде де қойылып отырған.

Түтіндіктен солтүстікке қарай жануарлармен бір мезгілде немесе біраз уақыт үзілісінен кейін жерленген жұптасқан екі адамның қабірі ашылды. Басы батысқа қараған оңтүстік және басы оңтүстікке қараған солтүстік мүрделер бірінің артынан бірі қол аяғын бауырына алған күйінде жерленген. Солтүстік мүрде оңтүстік мүрденің аяғына етпетінен қойылған. Шығыс металлургиялық пештің үстіндегі ірі малдың бас сүйегінің жанында төменгі жағы жоқ адам бас сүйегі жатты. Бұл жағдайдағы құрбандық металлургиялық өндірістің тоқтауымен және тұрғындардың үйді қалдырып кетуімен байланысты болған. Өйткені, сүйектердің орналасу сипаты кешеннің одан әрі қарай жұмыс істеуінің мүмкін еместігін көрсетіп отыр. Құрбандық үй-шеберхананың едені мен металлургиялық металлургиялық кешенді жайып тұрған қабатта орналасқан. Құрбандыққа тек қана жануарларды ғана емес, шамасы адамдарды да, еңбек құралдары мен ыдысты да қойған. Жануар сүйектерінің арасында сүйек пен тастан жасалған бұйымдар айтарлықтай көп. Талдысай қонысындағы ежелгі құдыретті күш белгілері ең алдымен металлургиялық өндіріспен байланысты болды (О. Артюхова, Ж. Курманкулов, А. Ермолаева, А. Ержанова. Комплекс памятников урочище Талдысай. – Алматы. 2013).

Ерте заманнан қазіргі кезге дейін көне металлургтердің мекені ретінде сақталған қоныстардың бірі – Талдысай. Бұл қоныстың мәдени қабаттарынан металлургияға қатысты көптеген мұралар табылды.

**Айдар ИСКАКОВ,**
**«Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық-музейінің ғылыми қызметкері**

## БҰРЫНҒЫ БАСШЫЛАР БЕЙНЕСІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

# АРДЫҢ АДАМЫ АРАЛБАЕВ



*Суретте: майдангер достар Жылқыбай Аралбаев (сол жақта) пен Пана Оралбаев.*

Қаланың ортасындағы үш бөлмелі пәтердің есігі күндіз-түні ашық. Ұлытаудан, Жездіден, Байқоңырдан, Сәтбаевтан күндіз-түні үйіне ағайын-туыстары, жора-жолдастары келіп жататын. Шайымыз да, жататын орнымыз да сол үйден болған соң біздің қысылып-қымтырылуымызға жол бермей, әрқашанда өз үйіңде жүргендей сезініңдер деп отыратын. Күндердің күнінде Жүрсін облыстық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшы болып Жылқыбай Аралбаев деген кісі Жамбылдан қызметтен ауысып келгенін айтты. Күндердің күнінде Жүрсін облыстық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшы болып Жылқыбай Аралбаев деген кісі Жамбылдан ауысып келгенін айтты. Түсінігі мол, адам жанын тез баурап алатын, бірақ шалқайғанға шалқаятын мінезі бар екенін жеткізе келіп, сол кісіден жатақхана сұрауға кеңес берді.

Жылқыбай Аралбаев бізді жылы қабылдады. Жағдайымызды айттық. Жамбылдық екенімізді екі-үш рет қайталадық. Ол кісі жылы жымиды. Сонымен не керек, бір айдан кейін біз жатақхана емес, 28 шаршы метрлік бір бөлмелі кең пәтер алдық. Бізбен бірге үй алған редакцияның жігіттері Марал Хасеновтің, Болат Бабақовтың, Тайлақ Жалмурзиннің екі-үштен баласы болса да, бөлмелері бізден тар екен. Алғаш олардан қысылып, ұялып жүрдік. Бірте-бірте өмір ағысында таныстық пен жерлестік, рушылдық пен ағайынгершілік ерекше орын алатынын білген соң қысылуды қойдық. Бірақ, бәріміз бір атаның баласындай аралас-құралас өмір сүрдік, еңбек еттік. Міне, сол сәттен бастап Жылқыбай ағамен жиі жолығып тұратын болдық. Іссапарларға кейде бірге шығатынбыз. Тапсырмасымен материал жазамыз. Бірде облыстық газеттің редакторы, яғни, менің бастығым Ұзақбай Төлеуовтің үйінде бірге болдық. Жақынырақ таныстық. Байқаймын, Дәметкен екеуімізді ол кісі ұнатты. Ұзақбай Төлеуов Жамбыл облысы Сарысу ауданының түлегі, аудандық партия комитетінің екінші хатшысы қызметін атқарған, мамандығы журналист болғанымен ұзақ жылдар партия комитетінде еңбек етіпті. Әрине, Жықаңмен Жамбыл жерінде ағайын-туысқандай араласып кеткенін сол кездесуде жақсы білдім.

Жылдар өтіп жатты. Партия қатарына өттім. Облыстық газеттің партия тұрмысы бөлімін басқардым. Ол кезде облыстық газеттердің бөлім бастықтарын облыстық партия комитетінің бюросында бекітетін. Кейінірек Жылқыбай Аралбайұлының бастамасымен облыстық газеттің партия тұрмысы бөлімінің меңгерушісі редакторымен бірге бюро мәжілісіне қатысатын болды. Тап осы кезде Аралбаевтың ардың адамы екенін, шындықты қаймықпай айтатындығын, халықтың мүддесін бәрінен жоғары қоятынын танып, білдім. Оның кейбір пікірлерінен көпшілік тартынып, қорқып қалатын. Әсіресе ұлт саясатына келгенде ол ешкімге жақ аштырмайтын. Облыстық партия комитетінің бюро мәжілісінде өзі басқаратын салалар күн тәртібінде талқыланғанда соңғы сөзді облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Константин Семенович Лосев емес, Жылқыбай Аралбаев айтатын. Кейбір сәттерде алдын-ала жасалып қойған қаулылардың жобасын тас-талқан етіп, шешімді адамға қызмет етуіне бағыттап, қайта жазып шығатын.

Елдің айтуынша, орыс тіліне жетік болмағанымен ойы мірдің оғындай болатын. Сөзді дұрыс айтпадым деп қысылмайтын, қайта қазақы «акцентпен» сөйлегеніне масаттанатын сияқты көрінетін. Мұндай да Аралбаевқа қарсы уәж айтатын кісі табылмайтын. Шындықты жайып салып, жоқты бар етіп көрсетуге тырысатындарды беттен алып, төске шабатын кезі жиі болатын. Сойған түлкідей жымиып келетіндерге жиырылып қалатын. Сондықтан болса керек, ол кісіден ірі өндіріс орындарының басшыларынан мектептің директорына дейін қаймығып, ығып тұратын. Елді-мекендерді жиі аралайтын. Бірде Жезді ауданының «Сәтбаев» және «Байқоңыр» совхоздарына бірге бардық. Өткен ғасырдың 80-жылдары болғанына қарамастан ауылдың тұрмысы, мәдениеті мен әлеуметтік қызмет көрсету нысандарының жағдайы өте ауыр еді. Дәрігерлер жетіспейді. Мәдениет ошақтарында мамандар жоқ, бала өлімі көп. Жүрген жерінде ең алдымен балабақшаға барып, балалардың денсаулығымен танысатын. Сол кездерде балаларға ыстық тамақ беру мәселесін көтеріп, жаңа туған нәрестенің қосымша қоректенетін тағамының сапасына назар аударатын. Біздерге, облыстық газеттің ұжымына, жас аналарға ақыл-кеңес беретін бұрыш ашуды, тағамдарды қалай, қашан пайдалану қажет екендігін үйрететін материалдарды жиі беруді талап ететін.

Сол сапардан қайтып келе жатқанда ол кісі совет билігінің бұл өңірге назар аудармағандығын, тек байлығын алып, халқының тұрмысын жақсартуға көңіл бөлмегендігін айтып қалды.

– Өзің қарашы, кішкентайымыздан Қарсақбайдың атын жаттап өстік. Қазақ металлургиясының атасы Қарсақбайдан мыс алу 1928 жылдан басталыпты. Одан бұрын ағылшындар алған. Соған қарамастан Жезқазғаннан Қарсақбайға баратын жолға асфальт төселмеген. Кентте заман талабына жауап беретін мәдениет үйі, кітапхана, аурухана, тағы да басқа әлеуметтік-мәдени нысандар жоқтың қасы. Тіпті Қарсақбайдың көшелеріне тас төселмеген. Мұны қалай түсінуге болады, – деген ол маған тіктеп қарады. – Сендер жассыңдар. Көп нәрсенің байыбына бара бермейсіңдер. Осындай мәселелерге назар аударып, биліктің халыққа қарай бұрылуына ықпал жасауларың керек, – деді.

Шынында да, жағдай солай. Жалғыз Қарсақбай емес, сол кездегі Жезқазған өңіріндегі кеңіштердің айналасындағы жұмысшылар елді-мекендерінің барлығында жағдай мәз емес еді. Қаражал да, Саяқ, Қоңырат, Жезді, Жамбыл руднигі, Жәйрем, Ақшатау мен Ақжалда да әлеуметтік-мәдени нысандардың жұмысы көңіл көншітпейтін. Өкімет байлығын алса да қаржысын бұл салаларға жұмсамайтын. Менің білетінім Жылқыбай Аралбаев Жезқазған облыстық партия комитетінің хатшысы қызметін атқарған кезде Алматыдан асып, Мәскеуге жиі барып, артта қалған салалардың ырғақты да, қалыпты, халыққа тиімді қызмет көрсетуіне бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруды сұрауды, қажет болған жерде талап етуді ұмытқан емес. Тиісті министрлікке тікелей өзі баратын.

1973 жылы Жезқазған облысы құрылғанда өңірдің басым көпшілігі теледидар хабарларын көрмейтін. Телефон байланыстары кейбір мекендерде атымен жоқ болды. Міне, осы кезде Аралбаев өзінің бастамасымен Мәскеуге барып, қалыптасқан жағдайды ашық айтып, көмектесуді сұрады. Соның нәтижесінде облысқа сол кездегі КСРО Министрлер Кеңесінің Төрағасы Андрей Косыгин келді. Шахтаға түсті, жағдаймен танысты. Артынша телехабарлар тарататын стансалар салына бастады. Айта берсем мұндай көңілге нұр құятын, Жықаңның бастамасымен жүзеге асқан іс-шаралар аз емес. Облыста кәсіптік техникалық білім беру саласын күшейту бағытында ол кісінің атқарған ісі өлшеусіз. Ауыл балаларын жұмысшы кәсібіне көптеп тартты, жұмысшы мамандығы құрметті екенін айтудан жалықпады.

Жылқыбай Аралбайұлы үшін ең маңызды мәселелердің бірі мәдениет ошақтарының қалыпты жұмыс істеуі болатын. Халықтың рухын көтеретін іс-шараларды жүзеге асыру ол кісінің негізгі міндеттерінің бірі болды. Жаңадан құрылған облыстың әр ауданында халық театрларының жұмыс істеуін қамтамасыз ете отырып, халық шығармашылығын арттыруға ерекше назар аударды. Облыста суырып салма айтыскер ақындардың өнерін дамытуға ерекше назар аударғаны есімде. Ең өзекті мәселелерді облыстық партия комитетінің пленумында қаралуына тікелей ықпал жасады.

1970 жылы Жылқыбай Аралбаевтың бастамасымен Жамбыл облысында «Алатау» ән-би ансамблі құрылғаны белгілі. Осы үрдісті Жезқазған облысында да жүзеге асырды. «Ұлытау» ансамблі ұйымдастырылды. Серік Елеусізовтің басшылығымен ұйымдастырылған бұл ансамбльдің атақ-даңқы алысқа жетіп жатты. Сол бір жылдары Жезқазған облысының әрбір ауданының орталығында халық театрлары мен ән-би ансамбльдері жұмыс істеді. Ол ұлттық өнерді ерекше жоғары қойды. «Біз қазақ...» деп сөйлеуді ұнататын. Көбінде халқымыздың жақсылығын айтып отыратын.

Бірде ойламаған жерден мені Жылқыбай Аралбаев шақырды. Редактор Ұзақбай Төлеуовке Жықаңның шақырып жатқандығы жөнінде айтайын деп іздеп едім, таба алмадым. Бардым. Кабинетінде облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Мұқамедқасым Шәкенов отыр екен. Сірә мені күтіп отырған болуы керек, әңгімені бірден бастап кетті.

— Комсомол тұрмысы саған қарайды емес пе? – деді.

— Иә, комсомол, кәсіподақ және партия тұрмысы менің бөліміме қарайды, – дедім.

— Олай болса былай, бұл менің ағалық ақылым деп қабылдаңдар. Екеуіңе айтарым, «Шопан комсомол-жастар бригадасы біздің болашағымыз», «Бәріміз ата кәсіпті меңгерейік!», «Шопан болайық!» деген сөзді азайтыңдар. Бұл дұрыс саясат емес. Біз қазақ қой бағып, өзгені асырауымыз керек пе? Онсыз да «бараны» деп кемсітетіндері жетеді. Басқаларға өзіңнің пікірің ретінде айтып жүруді де ұмытпа, – деді. Сірә, маған дейін Мұқамедқасым ағаға айтарын айтқан болуы керек, менің көзімше ол кісіге үн қатқан жоқ.

Он үш жыл Жамбыл облыстық, он жыл Жезқазған облыстық партия комитетінің хатшысы болған Жылқыбай Аралбаев өзіне тән қарапайымдылықпен өмір сүрді. Мереке күндері оның омырауында Еңбек Қызыл Ту, Халықтар Достығы, Отан соғысы ордендері мен «Германияны жеңгені үшін» медалі жарқырайтын. Ұлы Отан соғысының ардагері жастардың арасында болғанда тұрақты түрде Отанын, елін, жерін сүюді талмай айтатын. болғанда тұрақты түрде Отанын, елін, жерін сүюді талмай айтатын. 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінен кейін елдік пен ерлік туралы жиі сөйлейтіндердің артына билік шам алып түсті. Еңбек зейнетіне шыққанына қарамастан мұғалімдердің біліктілігін жетілдіру орталығының директоры ретінде қызметін атқарып жүрген кезінде, «Правда» газетінде «Старые связи», «Известия» газетінде «Шырмауық» деген мақалалар жарық көрді. Екі мақалада да Жезқазған облысының азаматтарын ұлжандылығы үшін сынады. Ж. Аралбаевтың ұлтжандылығын ұлтшылдық деңгейге дейін көтеріп, сын тезіне алынды. Азамат қаймықпады, қайыспады, майыспай, қарсылық көрсетіп, өз көзқарасын дәлелдеп шығу үшін, редакцияға хат жолдады. Хат жауапсыз болғанымен, оның айтқан пікір-ұсыныстары орынды екенін билік іштей мойындады. Жылқыбай бұнымен тоқтаған жоқ. Түркіменстанның Небит-Даг ауданында туғанымен ұзақ жылдар еңбек еткен, өзі бауыр басқан, атамекеніне айналған Жамбыл қаласына Жезқазғаннан көшіп келді. Осы тұста ол қызыл империяның қазақтың біртуар азаматтарына күйе жағып, абақтыларға қамағанына қарсылық көрсетіп, шыдай алмай 1960 жылы 31 тамызда өзін облыстық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі, одан кейін 1963 жылы 17 қаңтарда облыстық партия комитетінің хатшысы етіп қабылдап, тәрбиелеп өсірген, адамның іскерлік қабілетін жоғары қоя білетін, адал да, әділ, қазақтың біртуар ұлы Асанбай Асқаровқа араша түсті. Жазықсыз абақтыға жабылғанда «Асанбай Асқаровты құтқару комитетін» құрып, өзі бас болып, ел құрметтеген азаматтарды басшы етіп, жоғарыға хат жазып, басшылардың қабылдауларында болды. Сол бір кездерді марқұм Социалистік Еңбек Ері, атақты қызылшашы Дариға Жантоқова ерекше тебіреніп еске алатын. Сындыбала Оңғарбаева, Дариға Жантоқова бастаған Социалистік Еңбек Ерлерін бас етіп, бір топ азаматтарды Бішкекке, Асанбай Асқаровтың сотына жіберді. Олар Бішкекте өткен Асанбай Асқаровтың сottарына қатысып, сол кездегі қырғыз елінің президенті Асқар Ақаевтың қабылдауында болды. Осының бәрін сырттай үйлестіріп, басқарған әділетсіздікке төзбейтін, намысшыл қазақ Жылқыбай Аралбаев еді.

Өмірдің талай ащысын көрген, әкесі мен анасынан ерте жетім қалып, интернатта тәрбиеленіп, шындықты өмірінің өзегі еткен Жықаң досқа да адал болды. Ол Ұлы Отан соғысы жылдарында, миномент ротасының командирі болып жүргенде табысып, өмірлік досына айналған Ақтөбе облысы Шалқар ауданының түлегі Пана Әлиұлы Оралбаевты ешқашан да жадынан шығарған емес. Шалқарға жиі барып, отбасымен араласып, Тараздан жеміс ағаштарының көшетін әкеліп, оны өзінің егуі Пана ұрпақтары үшін мәңгі ұмытылмас, жүрек тербейтін сәттер болып қалды. Өмірден өткенше дос жүрегі бір-бірін іздеп, әрқашан да ынтыға кездесетін.

Жамбыл облыстық мемлекетінің архивінде сақтаулы тарихи құжаттарда Жылқыбай Аралбаевтың еліміздің өркендеуіне, оның ішінде, Жамбыл және Жезқазған өңірінің әлеуметтік-мәдени ошақтарының халықтың рухани байлығын асқақтауына ерекше үлес қосқан тұлғалардың бірі екенін айқақтайтын құжаттар баршылық. Сондықтан да атпал азаматтың ерен еңбектерін алға тарта отырып, оның есімін мәңгі қалдыру үшін Жезқазған қаласында ол тұрған үйге тақтайша орнатса артық болмас еді. Халыққа қызмет еткен тұлғаларға құрмет бүгінгі жас ұрпақтың отансүйгіштік қасиетін асқақтата түсетіні анық.

**Мақұлбек РЫСДӘУЛЕТ,**
**Қазақстанның құрметті журналисі, жазушы.**
ТАРАЗ қаласы.

## МЕРЕЙ

# ҰЛЫТАУДЫҢ ҰЛАНЫ, САРЫАРҚАНЫҢ ҚЫРАНЫ

## *Қайырбек Сәдуақасов 75 жаста*

**Жезқазғанға жаңадан келген уақытым. Жатақханада тұратын редакциядағы әріптестердің бірі Ғазиз Ештанаевтың жаңа пәтерге қолы жеткен екен, соған қоныс аударатын болып, көшіруге көмектестік. Ғазекеңнің жаңа қонысында жаңа адамдармен таныстым. Солардың бірінің есімі – Қайырбек Сәдуақасов екен. «Екен» дейтінім оның аты-жөнінің «Қайырбек Сәдуақасов» екенін кейінірек білдім. Ал, Ғазекеңнің үйінде ол кісіні сол жердегілердің қай-қайсысы да тек «Қайрекелеп» отырды.**



Қайрекеңнің нағыз сегіз қырлы, бір сырлы азамат екенін жақын араласа бастағанда білдік қой. Ақын, композитор, прозашы, драматург.... кете береді осылай. Маған мұның бәрінен де бұрын ол кісі шебер ұйымдастырушы тәрізді сезілді. Өйткені, Жезқазғанда қандай іс-шара өтсе де, соның бас-қасында сол баяғы Қайрекеңді көретінбіз! Сонда ол кісінің қандай лауазым иесі екенін де біле қоймайды екенмін. «Культураның» бастығы шығар» деп, сыртынан тон пішe салатын едік. Сөйтсек, Қайрекең әлгіндей шаруалардың басы-қасында қызметтік міндетіне байланысты емес, жүрегінің әміріне, көңілінің қалауына, табиғатының талантына қарай табылады екен ғой. Ол «кез келген мәдени, тарихи, рухани іс-шараларға араласуды және олардың жоғары деңгейде өтуін қамтамасыз етуге атсалысуды азаматтық міндетім» деп түсінеді екен. Бәлкім, оның осындай азаматтық биік парасатын білетін, тапсырылған шаруаға асқан жауапкершілікпен қарайтынан хабар биліктің басындағылар да әлгіндей іс-шаралардың құлағы қылтиғанда, оның абыройлы атқарылғанын қалағандықтан Қайрекеңді тауып ала қоятын болса керек. Рас, Қайрекеңнің негізгі қызметі де мәдениет саласының айналасы болды. Осы жерде ресми өмірбаянынан үзінді келтіре кетсек. «1988-1994 жылдары облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры, облыстық тіл басқармасының бастығы, 1994-1996 жылдары «Байқоңыр» қаржы-өнеркәсіптік инвестициялық компаниясының бірінші вице-президенті, ал, 1996-1997 жылдары Жезқазған облыстық мәдениет басқармасының бастығы болып қызмет атқарды. 1997 жылдың мамыр айында Жезқазған облысының таратылуына байланысты Қарағанды облыстық мәдениет департаменті бастығының орынбасары-мәдениет және өнер бөлімінің бастығы болып ауыстырылды» дейді дереккөз. Мұны бөлекшелеп айтып отырғанымыз, Қайрекеңмен танысып, білісе бастаған уақытта, «культураның» бастығы шығар» деп жүрген ағамыз қаржы-өнеркәсіптік инвестициялық компаниясында қызмет істеп жүрген екен ғой!

Қайрекеңнің қазақтың тілі, өнері, салт-дәстүрі, тарихы дегенге елеңдеп тұратыны оған кіндік қаны тамған топырағынан дарыған қасиет екендігі сөзсіз. Өйткені, ол – Ақтоғайдың тумасы! Ал, Ақтоғай Алаш арыстары – Әлихан Бөкейханның, Жақып Ақбаевтың, Әлімхан Ермековтің ақ бесігі! Егер жүрегі «қазақ» деп соғып тұрса, қандай мектепте оқығаны әсер ете қоймайды-ау. Біз кейінгі кездері «бала мектепте қай тілде оқыса сол халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтап кетеді» дегенді жиі айтатын болдық. Мүмкін мұндай сөз қазақ балаларының неғұрлым ана тілінде дәріс беретін мектептерге барғанын қалайтын жақсы ниетпен айтылатын болар? Бірақ, негізі ұлттық құндылықтарға деген көзқарас, жанашырлық әркімнің өзіне байланысты болса керек. Әйтпесе, Ақтоғайдағы №1 орыс орта мектебін анаумынау емес, алтын медальмен бітірген Қайырбек Изатбекұлы Сәдуақасов «нағыз орысшыл» азамат болып қалыптасуы керек еді ғой. Өмірде мүлдем керісінше болды. Ол өткен ғасырдың 80-жылдарының орта тұсында құрдымға кетіп бара жатқан қазақ тілінің жай-күйіне алаңдаушылық танытып, «Қайткенде оның мәртебесін көтереміз, өзге тілдермен терезесін теңестіреміз» деп жанұшыра арпалысқан, қарекетке барған алдыңғы толқынның алдыңғы сапынан табылды. Жезқазған облыстық «Қазақ тілі» қоғамы құрылғанда көпшіліктің төрағалық тізгінді Қайрекеңнің қолына ұстатқаны да бекерден бекер емес. Халық өз үмітін ақтайтын азаматты іздеді, таңдаулары Қ.Сәдуақасовқа түсті. Бұл ретте оның орысшаға жүйріктігі де ескерілген тәрізді. Өйткені,бұл әлі де кеңселердегі креслолардың көпшілігінде шегіркөздердің шалқайып отырған уақыты еді ғой! Ұлттық құндылықтарға осқырына қарайтындармен олардың өз тілінде теңдей сөйлесе білу де – уақыт талабы болатын.

Қоғамдық ұйым ықпалы зор, беделді қоғамдық күшке айналды. Облыстың барлық аудан-қалаларында, өндіріс пен оқу орындарында бастауыш ұйымдары белсенді жұмыс атқарды. Көптеген іргелі шараларға ұйтқы болумен қатар, олардың ұсынысымен және тікелей араласуымен қазақ тілін күнделікті айналысқа енгізу үшін үйірмелер ұйымдастырылды, белгіленген шаралардың орындалысына бақылау орнатылды, көптеген елді-мекендер мен жүздеген көшелердің атаулары ұлттық тарихты ескере отырып жаңартылды. Ол үшін жергілікті атқару органдарымен тығыз байланыста жұмыс атқарылды. Облыстағы барлық дерлік іргелі шаралар «Қазақ тілі» қоғамының белсене араласуымен өткізіліп тұрды.

Қазіргі кезде де қазақ тілінің жағдайына көңіл толмаушылық бар екені жасырын емес. Бірақ, бұрынғы мен бүгінгіні салыстыруға болмайды. Бүгінгі таңда жұмыс істеп тұрған қазақ балабақшалар мен мектептердің Қайрекеңдер бастаған «Қазақ тілі» қоғамының мүшелері қалалық жерлердегі қазақтардың тізімі бойынша, олардың әрқайсының есігін қағып, «Баламызды, немере-шөберемізді қазақ балабақшасына, мектебіне берейік» деп, табандарынан тозып жүріп, төккен тері мен еткен еңбектерінің жемісі екенін біле береміз бе?

Қалай дегенде де, 80-жылдардың орта тұсы ұлттық сананың дүр сілкінісімен ерекшеленетін кезең. Араға қырық жыл салып, Алматыда екінші республикалық айтыстың өткізіліп, мұны сол кездегі Дінмұхамед Қонаев бастаған республика басшылығының тұтастай келіп тамашалауы ұлтымыздың ұмыт бола бастаған хас өнерінің қайта жандануына зор ықпалын тигізді. Көп ұзамай айтыстың телевизиялық түрі пайда болды. Қ.Сәдуақасов Жезқазған-Ұлытау өңірінде айтыс өнерінің жаңа мектебін қалыптастыруға айрықша құлшыныспен атсалысты. Сол жылдары тек оқушы-жастардың Жезқазған облыстық айтысына қырықтан астам жасөспірім қатысқанда халық айтыстың болашағына үлкен сеніммен қарады.Тек айтыскерлер ғана емес, жыршы-термешілердің де жаңа толқыны қатарға қосылып жатты. Әйгілі ақын, жырау-термеші, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Шынболат Ділдебаев бастаған Жезқазған облысының айтыскер ақындары еліміздегі тұңғыш рет өткізілген республикалық командалық айтыстың жеңімпазы атанды.Сол өнер додаларын ұйымдастыру мен өткізу, өнерпаздарды ел арасынан іздеп табу және оларға бағыт-бағдар беретін, өзі сахнадан көрінбесе де, Қайырбек Изатбекұлының зыр жүгірген тынымсыз еңбегі, ұшан-теңіз ізденісі айқын сезіліп тұратын еді.

Ұлттық тарихтың тоқайласатын, жәдігерлердің жинақталатын жері – музей. Мұнда ел мен жердің өткені, елім деген ерлердің өміржолдары сыр шертеді. Бірер жыл Жезқазған тарихи-өлкетану музейіне басшылық жасаған Қайрекең музейшілдік сырқатына шалдықты. Әрине, жақсы мағынасында. Ұлытау тарихи-мәдени және табиғат қорығы, Ақтоғай-Қызыларай тарихи-этноархеологиялық ұлттық қорық-паркі, Ортау-Дарат шығыры қорығының концепцияларын дайындады. Жездідегі тау-кен және балқыма ісі музейінің ұйымдастырушысы Мәкен Төрегелдин ағасының қасынан шықпады, қолынан келген көмегін аямады. Ақтоғай аудандық тарихи-археологиялық-этнографиялық, Жаңаарқа аудандық С.Сейфуллин атындағы әдеби-мемориалдық музей-кешені, Шортанбай атындағы Шет аудандық тарихи-этнографиялық музейлерінің ұйымдастырылып, ашылуына белсене араласты. Ғұлама ғалым Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың есімін мәңгілікке сақтауға атсалысу мақсатында Жезқазған облысындағы барлық музейлердің ол кісі туралы тақырыптық экспозициялар жасалуына бағыт-бағдар, ақыл-кеңес беріп отырды. Павлодар облысының Баянауыл аудандық музейінің Жезқазған өңірінің минералдары және экспонаттарымен толықтырылуына септесті. Оның Ұлы Жібек жолын түйелі керуенмен өтуді жоспарлаған «Жәдігер» жиһангерлер тобының «Отырар-Ұлытау», «Алтай-Дунай» халықаралық экспедицияларының ұйымдастырылуына да біршама еңбегі сіңді.

Ұлытау-Жезқазған өңіріндегі Алаша хан және Жошы хан кесенелерінің жаңғыртылып, қалпына келтіру жұмыстарының басы-қасында да Қайырбек Сәдуақасов жүретін еді. Ұлытау, Жезді, Жаңаарқа, Шет, Ағадыр, Ақтоғай аудандары аумағында археологиялық зерттеулер жүргізу, Жезқазған қаласы мен Атасу кентінде С.Сейфуллиннің, Ақтоғайда Алаштың үш арысы – Ә. Бөкейхан, Ж. Ақбаев және Ә. Ермековтің мемориалды ескерткіштерінің орнатылуына да түрткі болып қана қоймай үлкен жанашырлықпен атсалысқанын айтпай кетпесек, ақиқаттан аттағанымыз.

Тәуелсіздік Байрағы көтерілген соң, жоғымызды түгендеуге, барымызды әспеттеуге асқан құлшыныспен атсалысқан тұлғалардың қатарында Қайырбек Сәдуақасовтың есімін атап өтпеу тіпті де мүмкін емес. Қаны да, жаны да қазақ Қайрекең ұлтының рухын көтеретін қандай шара болса да белортасынан табылды. Енді ғана Егемендік алған ел шет жұрттарға тарыдай шашырап кеткен қазақтың басын қосуға ұмтылды. 1992 жылы Қазақтардың I дүниежүзілік құрылтайы шақырылды. Атамекенге асыққан ағайынның алдымен тәу ететін жері Ұлытау екені айтпаса да түсінікті болатын. Шынында да, құрылтайға қатысушылардың басым бөлігі Жезқазған облысына, Ұлытауға келетін болды. Талай жылдар бойы ата-бабалары аңсап өткен киелі топыраққа табандары тиген ағайындардың жерді жата қалып сүйіп, бір уыс топырағын орамалдарына түйіп алып жатқанын көргенде жүрегің болса тебіренбей тұра аласың ба? Осындай ұланасыр сағынышпен жеткен ағайынды құрақ ұшып қарсы алып, аяғының ұшымен жүріп қызмет көрсету де оңай емес-тін. Обалына не керек, сол кездегі Жезқазған облыстық кеңесінің төрағасы Шәріпбек Шардарбеков, облыстық кеңес төрағасының орынбасары Әлихан Байменов бастаған ел ағалары тартынып қалған жоқ. Қайрекеңдер сол күндері Шәкеңдердің оң қолына айналып кетті. Жезқазған облысын Қажымұрат Ыбырайұлы Нағманов басқарған кезеңде «Жезқазған – театрлар Меккесі» деген ұғым қалыптасты. Өйткені, айналасы үш жылда Жезқазғанда үш мәрте Республикалық театрлар фестивалы жалауын көтерді. Бұл істегі Қайырбек Изатбекұлының қандай орны бар екенін айтпай-ақ қояйын, өзіңіз көз алдыңызға елестетіп көріңіз. Елестете алмайсыз, өйткені, мүмкін емес нәрсе бұл дегеніңіз.

Табиғатынан сан қырлы талант бұйырған Қайрекеңнің қаламынан туындаған шығармалардың жанрлары да әр қилы. Бір топ өлеңдері Қарағанды облысының әкімдігі шығарған 100 томдық «Сарыарқа кітапханасының» жеке томында басылса, 2015 жылы «Уақыт – жебе» өлеңдер жинағы жарық көрді. Ал, 2016 жылы Әлихан Бөкейханның 150 жылдығы аясында Қайырбек Сәдуақасовтың аударуы және жинақтауымен қазақ және орыс тілдерінде Сырым Бөкейхановтың «Өткен күнде белгі бар – Нельзя о прошлом позабыть» кітабы жарық көрді. Бұл оның аудармашылығын айғақтайды. Ол тек поэзиялық туындыларды ғана туған тілінде сөйлетіп қойған жоқ, бірнеше драмалық шығармаларды қазақшалады және олардың сәтті аударылғаны соншалық бұлар сахналанды. Оның аудармаларымен С.Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық қазақ драма театрында қойылған Г.Гориннің «Атың шықпаса…», Ғ. және М. Гапаровтардың «Қиямет-қайым Киото» және Жан Ануйдың «Бозторғай» драматургиялық шығармалары әйгілі режиссер, актер Әлімбек Оразбековтың қоюымен республикалық театр фестивальдерінде бас жүлде және бірінші орындарды жеңіп алды. Қайырбек Сәдуақасов қазақша сөйлеткен Ғ. және М. Гапаровтардың «Қиямет-қайым Киотосы» Каирдегі экспериментальды театрлар фестивалінің үздік қойылымы аталып, арнайы жүлдесіне ие болды. Ол аударған Т. Жүнженоглудың «Көшкін» пьесасы да Астананың Қ. Қуанышбаев атындағы театрында, Қарағандыдағы С. Сейфуллин атындағы театрда, Көкшетаудың қазақ драма театрында, Б. Атабаевтың Алматыдағы экспериментальды театрында, М. Әуезов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық драма театрында қойылды. Бұл әрине, аударманың сәтті шыққанын дәлелдейді. Орысшаны қазақшалағаннан гөрі қазақшадан орысшаға аударудың қиын екені белгілі. Бұған екінің бірі бара бермейді. Қайрекең қорықпады, сондай қадам жасап көрді. Ол драматург Ә. Оразбековтің «Бір түп алма ағашы» драмасын орыс тіліне аударды. Мынаны қараңыз, содан кейін аталмыш драма Астанадағы М. Горький атындағы орыс драма театрында, Қарағанды облыстық К. Станиславский атындағы орыс драма театрының сахналарынан қойылып, репертуарларына енгізілді.

Қайрекеңнің жазған әндері, салған суреттерін айтып жату артық, тауып тыңдау, іздеп көру керек. Ең бастысы, Қайрекең – үлкен жүректі азамат. Еңбекке адалдықпен және жанашырлықпен араласады. Сондықтан да, қай жерде жүрсе де сол жердің перзентіне, абыройлы, айдарлы азаматына айналып сала береді. Сондықтан да, оны қазақтың атақты ақыны Кәкімбек Салықов ағамыз «Ұлытаудың ұланы, Сарыарқаның қыраны» деп әспеттеген екен. Жезқазғанның Жезкиігі атанған Кәкімбек аға осылайша бағалаған болса, мұнымен таласудың өзі әбестік. Қазақтың тағы бір марғасқа ұлы, керемет ғалым Тұрсынбек Кәкішев Қайрекеңе «Санадағы жаралар» атты кітабын сыйлап тұрып: «Ардақты Қайырбек! Қазақ мәдениетін өркендетуге әр қазақ сендей-ақ үлес қосса, өркеніміз баяғыда-ақ шоқтықтана түсер еді. Әрқашан абыройлы болып, қажымай елің үшін еңбек ете беруіңе тілектеспін. Ағаң Тұрсынбек 10.01.94.» деген қолтаңба қалдырған екен. Тұрсекеңнің Қайрекеңнің еліне еткен еңбегін тап басып, тани білгеніне күмәніңіз болмаса керек. «Тау тауды алыстан таниды» деген осы емес пе?!

Ұлытаудың ұланы, Сарыарқаның қыраны, қазақтың қарапайым Қайырбегі, Қайырбек Изатбекұлы Сәдуақасов жетпістің бесеуіне көтерілді. Абыройсыз емес, атақ-даңқы да ешкімнен кем емес. Кеудесіндегі орден-медальдары оның өткен өмірінің белгісіндей сыңғыр-сыңғыр етеді. Қайрекең өмірінің кейбір тұстарына әдейі тоқталмай өттік. Неге? Өйткені, сексеннің сеңгірі де менмұндалап тұр, сол кезде де жазатын дүниелер керек қой...

**Абдолла ДАСТАНОВ**

ҚАЛА ҚҰРДАСЫ

**Бүгінде мысты қалада Жезқазғанның біз білетін төрт бірдей түйдей құрдасы бар. Солардың бірі – Айманкүл Қайырбекқызы ОСПАНОВА. 1954 жылдың желтоқсанында Жезқазған аймағынан жүздеген шақырым жерде орналасқан Атбасар қаласында туған ақ жаулықты ананың жүрегі жезқала деп соғады. Солай болуы заңды да. Өйткені, Айманкүл Қайырбекқызының бақытты шақтарының бәрі Жезқазғанмен байланысты.**

# БАҚЫТЫН ЖЕЗҚАЗҒАННАН ТАПҚАН



Қарапайым отбасында дүниеге келген біздің кейіпкердің әкесі Қайырбек Бабаев – теміржолшы, ал анасы Несібелді – үй шаруасында болған. Кондитер-аспаз мамандығы бойынша училищеде оқып жүрген Айманкүл Қайырбекқызы ауылшаруашылық инс-титутының студенті Марат Оспановпен көңіл жарастырып, оқу бітірген 1975 жылы шаңырақ көтереді. Жас отбасы Амангелді ауылындағы ата-анасының қолына барады. «Келіннің жақсылығы енесінен» демекші, Айманкүл Оспанованың бүгінде елдің анасына айналып, көптің құрметіне бөленуі екінші анасының берген өнегесінен. «Қалқам, қарағым, шырағым» деп дұрыс жолға бағдарлаған ененің алдын көрген Айманкүл апа қазір өзі де бір шаңырақтың астына екі келінді сыйдырып, әулетінің берекесін тасытып отырған жайы бар.

Инженер-механик мамандығын игерген жолдасы Марат Оспанов еңбегінің зейнетін көрер шаққа жеткенге дейін бел жазбай еңбек етті. Еңбек жолын енді ашылған Егінді ауылында инженер болып бастаған ол Ұлытау ауданында, аудандық ауыл шаруашылығы басқармасында бас инженер қызметін абыроймен атқарды. 1986 жылы Жезқазған қаласына қоныстанған соң сүт зауыты мен аң шаруашылығында еңбек етті. Өз қолымен үй тұрғызды.

Ұлдары Абзал, Айдос, Айдар мен Әнуарды, сондай-ақ, алақанға салып аялап өсірген қызы Айгүлдің тәрбиесімен айналысқан Айманкүл апай арасында еңбекке де араласып, мерзімді басылымдар мен кітаптардың сатушысы болды. Ұлқызын қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсірген әке мен шеше олардың білім алуына аса мән берді. Қазір ұлдары бір-бір отбасының отағасы атанған. Үйдің тұңғышы Абзал «Қазақмыс» корпорациясында еңбек етсе, Айдары – байланысшы. Суретші ұлы Айдос – Елордада. Кенжесі Әнуар әке жолын қуған. Қызы Айгүл алмалы Алматыда стилист болып жұмыс жасайды. Марат атай мен Айманкүл әжей ұлдарынан өрбіген тоғыз немеренің туған елінің жанашыр, адал азаматы болып ержетуіне атсалысып жүр. Бүгінде немеренің алды Жадыра Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің метрология факультетінде білім алуда. Қолдағы немерелер Нұршат, Шұғыла, Ажар мен Інжудің де тәрбиесі, білім алуы да ата-әжесінің мойнында. Үйдегі сыйластығы жарасқан қос келін Гүлнұр мен Гүлзат отбасының шырайын кіргізіп, айрандай ұйытып отыр.

Тамырын тереңге жайып, үбірлі-шүбірлі болған бақытты кезеңді Жезқазғанда сезінген Айманкүл Қайырбекқызы қаланың болашағы зорына сенеді. Әрі тілейді де.

– Жезқазғанның шағын қала болғанын да көрдік. Дегенмен, күн өткен сайын қала біздің көз алдымызда дамып, көркейе түсті. Әлі де гүлденері сөзсіз. Жезқазғанда жаңа мектептің, көп қабатты үйлердің құрылысы басталады, ел игілігіне қандай да бір нысан берілді деген хабарды естіген сайын елең етіп, қуанып отырамыз. Өйткені, арман-тілегіміз, немерелердің болашағы Жезқазғанмен байланысты, – деген Айманкүл Оспанова барша жезқазғандықтарды қаланың мерейтойымен құттықтап, оның дамуы жолында аянып қалмауға шақырады.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

## *Жезқазған шаһарының жылнамасы*



***1963 жыл***

• Қазан айының басында перзентхана үйі пайдалануға беріліп, 22 қазанда онда бірінші сәби дүниеге келді.

• Жезқазған кентінде 2000 нөмірлік АТС пайдалануға берілді.

• №9 «Родничок» балабақшасы ашылды.

• Қалалық мемлекеттік архив Қазақ КСР Министрлер кеңесінің Қаулысына сәйкес Қарағанды облысы мемлекеттік архивінің бөлімшесі болып құрылып, Жезқазған, Қаражал қалаларының, Жезді, Жаңаарқа, Ұлытау аудандарын қамтыды.

• Жезқазған кен-байыту комбинатында профессор Мостовичтың әдісімен жасалған кен қорытудың тотықтандыру әдісі пайданылды.

***1964 жыл***

• 31 қаңтарда Үлкен Жезқазғанның негізін қалаған академик Қ.И. Сәтбаев өмірден озды. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Президиумы Жезқазған тау-кен металлургиялық комбинатына Қаныш Сәтбаев есімін берді.

• 18 наурызда Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің №83 шешімімен Жезқазған қаласында сегізжылдық №2 мектеп-интернаты ашылды.

• 2 шілдеде Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің №274/12 шешімімен Жезқазған қаласында тазарту қондырғысының құрылысы басталды.

• 8 шілдеде Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің №197 шешімімен Жезқазған қаласындағы балалар кітапханасына А. Гайдардың есімі берілді.

• 12 тамызда Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің №246 шешімімен Жезқазған қаласының алтыншы орамындағы кешкі мектеп ғимаратында 150 орындық балалар емханасы ашылды.

• 23 қыркүйекте Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің №289 шешімімен Жезқазған қалалық халыққа білім беру бөлімінде орталықтандырылған бухгалтерия құрылды.

• 23 қыркүйекте Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің №289 шешімімен Жезқазған қаласында Қазақ КСР байланыс Министрлігіне қарасты қалалық байланыс үйін салуға ауданы 0,50 га жер бөлінді.

• 23 желтоқсанда Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің №384 шешімімен Жезқазған қаласының №1 шағын ауданында кітапхана ашылды.

• №1 орта мектеп ашылды. Алғашқы директоры М.Г. Жугин болды.

• «Купрум» спорт сарайы ашылды.

• Рудник поселкесіндегі Жезқазған құрылыс техникумының кешкі филиалы Рудник тау-кен техникумына айналдырылды.

• Жобалау институтының зерттеу бөлімінде 152 маман, 55 инженер, 47 техника маманы еңбек етіп, 39 ғылыми жұмыс орындалды. Оның ішінде Жезқазған қаласы әуежайының жобасы, Ақшатау тау-кен байцыту комбинатының, Жезқазған химиялық су тазарту орталығының жобалары болды.

• Жезқазған байыту фабрикасының спорт сарайы пайдалануға берілді.

• Кен шахта жабдықтары заводы құрылды. Ескі атауы – Жер астында өздігінен жүретін жабдықтарды жөндеу депосы.

• Жезқазғанның құрылысшылар поселкесіндегі №6 кәсіптік мектеп №36 қалалық кәсіптік-техникалық училищеге айналды.

• «Кессон» су көзі пайдалануға берілді.

**Жезқазған қалалық мемлекеттік архиві деректері негізінде әзірленді**

ҮШ ТҰҒЫРЛЫ ТІЛ

# ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ БІЛІМ БЕРУ БАҒЫТТАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Бүгінде заман талап ететін үш тұғырлы тіл саясатының біздің елдегі қарқыны артып келеді. Елбасы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауын қай істі болса да өнер деп білген, өмір жолын еңбек жол деп сүйген, Отан үшін жалынға шарпылып, отқа күйген ел перзенттеріне жолдады. Замана талқысына көнбейтін, талап пен талантын жегіп, терін төгіп, құлашын кең сермейтін, батыр да батыл өр адамына айтады. Қате басқан жері болса қайталап түзеп, өз мінін өзі мінеп, сүрінсе мұқалмай, бір тізерлей тұрып, қайта түлеп, озық кеткен қатарына жетіп, одан әрі өтетін озат ұл-қызына айтады. Қазақстанда бір ғана тұғырлы тіл бар, ол мемлекеттік тіл – қазақ тілі. «Тұғыр» сөзі «діңгек», «қазық» деген мағынада қолданылады. Бір шаңырақты көтеру үшін үш діңгек керек емес. Бір діңгекпен көтерген шаңырақтың жан-жағынан уықтар қадалып, оның беріктігін қамтамасыз етеді. Біздің алтын діңгегіміз, тұғырымыз – қазақ тілі, ал жан-жағынан өзге тілдер мемлекеттік тілді қолдап уық секілді қадалады.

Мәңгілік елдің тамыры – ұлт тарихында, ұлттың тілі мен ділінде. Халыққа біртұтас идея, алға жұмылдыратын бағыт, мақсат-мұрат – «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы. Қазақ тілі – елдің қазынасы. Қазақ тілінің шырыны – бабалар өсиеті. Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде. Тіл – халықтың ең негізгі байлығы. Қазір заман талабына сай үш тұғырлы тіл саясатын бәріміз де қолдаймыз.

Тіл білу – байлық. Әсіресе, өркениетті еліміздің дамуына үлес қосқымыз келсе, көп тілді игерген азаматтарға қарап қуанатынымыз да белгілі. Үштұғырлы тіл – өмірдің қажеттілігі. Бұл бүгінгі елдің тыныс-тіршілігін айқындайды және жалпыға ортақ қалыпты норма болып саналады. Үш тілді қатар меңгеру – бәсекеге қабілетті ел азаматының міндеті. Қазақстанның білікті, білімді әр азаматын ғаламдық ақпараттар мен инновациялық ағынына ілесу ағылшын тілін үйренуге жетелейді. «Келешекке кемел біліммен», – деп Елбасы Н.Ә.Назарбаев ұстаным еткендей, келешекке терең біліммен қадам басып, әлемдік білім кеңістігінің құпияларына үңіліп, қоғамға бейім, өз қабілетін таныта алатын, жан-жақты дамыған, бірнеше тілді меңгерген құдіретті тұлғаны қалыптастыру басты мақсаттардың бірі.

Бауыржан Момышұлының сөзімен айтқанда «Тіл дегеніміз қай халықтың болмасын кешегі, бүгінгі ғана тағдыры емес, бүрсігүнгі де тағдыры. Қазақ тілі... өткірлігімен, бой балқытып, тамыр шымырлатып жан жүйеңді жандырып, құлақ құрышын қандырып, ұғымына қонымды, жүрегіңе тиімді... қысылтаяң қатал жағдайда қайрап, егеп сөз тапқанға қолқа жоқ дегендейін ерге, елге медет болып адам түгіл, жағдайдың көмейіне құм құйып, аузын аштырмай, үнін шығармай қоятын тіл».

Сөзімді қорытындылай келе, алда тұрған мақсатқа жету үшін талаптану да, тырысу да өз қолымызда. Көп болып қолға алынған іс әрқашан да жүйесін табады. Бір ауыз сөз көкке де көтереді, бір ауыз сөз жерге де кіргізеді. Алдымен қарым-қатынас тілінен бастасақ ештеңеден де ұтылмай ақпарат ағымында үш тілде сөйлей алатынымызға ешкімнің де шүбәсі болмайды. Игілікті істің ерте-кеші жоқ екенін ұмытпай, алдымен қазақ, кейін ағылшын тілін үйренсек құба-құп. Егер біз Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазақ тілін дұрыс жұмсай білсек, ол қоғамдағы тілге жүктелетін қажеттілігіміз болса өтеуге жарайтын бай тіл. Ұлттық тіліміз өркендеп, тіліміз өз еліміздегі және халықаралық дәрежедегі позициясын нығайтқан кезде біздің сөздеріміз де өзге тілдерге енетіндігіне, тіліміздің әлемдік ақпарат кеңістігінен өз орнын иеленетіндігіне күмән келтірмеуге болады. Дәл бүгін де қазақ тілінің әлем тілдерінің ешқайсысынан да кем түспейтін, бірнеше ғасырлық даму тарихы бар, ұлттық әдеби тіл деңгейіне дейін дамып жетілген ұлы тіл екендігіне еш күмәніміз жоқ деп білемін.

**Сымбат РЫСБЕКОВА,**
**Жезқазған қаласы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің латын графикасы бойынша әдіскері**

ТЕАТР

# САХНАДА – «АУҒАН ҚАСІРЕТІ»

**Таяуда С. Қожамқұлов атындағы Жезқазған қазақ музыкалық-драма театрында жазушы- журналист, драматург Мархабат Байғұттың «Ауған қасіреті» спектаклі көпшілік көрермен назарына ұсынылды. Спектакльге ауған соғысына қатысқан жезқазғандық ардагерлер арнайы шақырылды.**



Аталған спектакль театр сахнасында алғаш рет 2006 жылы қойылып, кезінде көрерменнен оң бағасын алған болатын. Спектакльді қойған ҚР халық артисі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Досжан Жанботаев биыл Кеңес әскерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 30 жыл толуына байланысты актерлер құрамы мен оқиғалардың сахналық шешіміне ішінара өзгерістер енгізіп, көрермен назарына қайта ұсынды. Спектакльді көрермен өте жылы қабылдады.

Мархабат Байғұтқа Ауған тақырыбына арнап пьеса жазуға кезінде Оңтүстік Қазақстан облысының Ауғанстан және жергілікті соғыс ардагерлері одағының төрағасы болған Қ.Тұлғаев өтініш білдірген екен. Ардагердің сөзін жерге тастамаған драматург бұған дейін көп жазыла қоймаған соғыс жайлы көп ізденіп, екі бөлімнен тұратын пьеса жазып шығады. Бұл пьеса бейтаныс жердегі беймәлім соғыста құрбан болған қазақстандық жауынгерлердің рухына арналған.

Қазірге деректерге көз жіберсек, КСРО Қарулы күштерінің Ауған жеріне басып кіріп, оның ішкі істеріне қол сұғу салдарынан тұтанып, 1979 жылдан 1989 жылға дейін созылған Ауғаныстан соғысында Қазақстаннан 22 000 жауынгер «интернационалдық борышын» өтеп, оның 924-і қаза тауып, 21-і хабарсыз кеткен екен. Мүгедек болып оралғаны қаншама?!

Спектакль оқиғасы жауынгерлердің Амудариядан өтер кездегі дарияның мұздай суына кетіп қала жаздаған оқиғадан басталады. Бірақ бұл алда көрер қиындықтың басы ғана еді. Соғыс жайлы кітаптан оқып, кинодан ғана көрген, ауыздарынан ана сүтінің дәмі кете қоймаған өрімдей жасөспірім бозбалалар соғыстың ойын емес, нағыз шындық екенін осында түйсінеді. Он сегіз, он тоғыздағы балаң бозбалалардың алғашқыда соғыстың суық жүзіне қарай алмай, жүрексінген тұстары болғанымен, кейін қарсы келген «дұшмандарға» қарсы тұрып, қайсарлық көрсетіп, ерлікпен тойтарыс береді. Ажалға бетпе-бет келген кездері қатар жүрген талай достарынан қапияда айрылып қалып, мүгедек болып қалғанын көзбен көреді. Осының барлығы оларды шыңдай түседі. Бұл ретте командир Маратханның (Мәдениет қайраткері Е.Бәйдешев) әкелік қамқорлығы мен темірдей тәртібі, оқу бітіре салып, лейтенант шенін алып Ауғанстаннан бір-ақ шыққан сыршыл сезімді ақынжанды Рахман мен (Ж.Арыстанбеков), салмақты да сабырлы сержант Серікжанның (К.Абильдин) қол астындағыларға деген жанашырлығы, достық пейілдері ерекше танылады.

Спектакль оқиғасына сай жауынгерлердің ұрыс кезіндегі әрекеттері және соғыстан тыныстаған сәттердегі бір-бірін қағытқан әзіл-қалжыңдары, бір-біріне деген жанашырлығы, достарынан айрылған кездегі ішкі жан дүниелерінің шиыршық ата қиналуы – барлығы өмірдің өзіндей шынайы шыққан. Жалғыз баласы Рахманның қазасын естіген сәттегі әкесінің (С.Бұлғақбаев) күйзелісі, екі аяғынан айрылып, мүгедек болып оралған Серікжанның (К.Абильдин) болашағынан үміт үзіп, сөнген сенімін көрсетер тұстағы актерлердің шеберліктері көрерменге ерекше әсер етті. Олар да сахнадағы оқиғамен біте қайнасып кеткендей, жүректері толқи отырып, спектакльден ауыр оймен шықты.

Қойылымға Қазақстанның еңбек сіңірген артисі С.Бұлғақбаев (Рахманның әкесі), Мәдениет қайраткері Е.Бәйдешев (командир Маратхан), можахед (Мәдениет саласының үздігі Ж.Бірмұханов) сияқты ардагер артистерімен қатар, сахнада тәжірибе жинақтап қалған К.Абильдин, Ж.Арыстамбеков және театр жастары Н.Бейісбеков (Нұржан), М.Сәденов (Мирқодир), Е.Жанатов (Жартыбай), С.Оспанов (радист), А.Бөлекбаев (Құрманов), Қ.Бейсенбай (Сәлима), А.Бергенова (Айгүл), А.Жарқынбеков (Оқас) спектакльдің сәтті шығуына үлестерін қосты.

**Үмітай МОЛДАБЕРГЕН,**
**С. Қожамқұлов атындағы Жезқазған қазақ музыкалық-драма театры әдебиет бөлімінің меңгерушісі**
*Суреттерді түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

МАМАН КЕҢЕСІ

# АЗАМАТТАРДЫҢ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК АЛУ БОЙЫНША ҚҰҚЫҚТАРЫ

Әрқайсымыз медициналық ұйымға жүгінген кезде пациент боламыз. Осыған байланысты қолданыстағы заңнама пациенттерге белгілі бір құқықтар береді, сондай-ақ, бірқатар міндеттер жүктейді.

Пациенттің негізгі құқықтары ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген тізбеге сәйкес тегін медициналық көмектің кепілді көлемін (ТМККК) алу құқығы болып табылады. Сондай-ақ, пациенттер ақылы медициналық қызметтерді және ерікті медициналық сақтандыру шартына сәйкес алу құқығы да бар.

«ТМККК шеңберінде медициналық көмек алу үшін, ал болашақта міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде (МӘМС) пациенттер емхананы немесе аурухананы, сондай-ақ, дәрігерді таңдауға құқылы. Емхананы алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету ұйымдарына тіркелу науқаны кезінде таңдауға болады. Науқанның жыл сайын өткізілу себебі, егер азаматтарға қазіргі емханасы ұнамайтын болса, олар емхананы ауыстыру мүмкіндігіне құқылы. Қазақстандықтар бір жыл ішінде емхананы еркін таңдау құқығы бойынша тіркеле алады, сондай-ақ, азаматтар басқа жерге көшкен кезде, емхананың қайта ұйымдастырылған кезінде, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорымен (ӘМСҚ) шарты аяқталған кезде немесе керісінше азаматтардың тұрғылықты жері жанында ӘМСҚ-мен шарты бар жаңа емхана пайда болған кезде қайта тіркелуі мүмкін», – деп түсіндірді «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Қарағанды облысы бойынша филиалының директоры Фазыл Копобаев.

Азаматтарға медициналық көмектің қандай түрлері тегін көрсетіледі.

1. Амбулаториялық-емханалық көмек, ол:

– алғашқы медициналық-санитарлық көмек (АМСК), яғни учаскелік терапевтер, педиатрлар, жалпы практика дәрігерлері, фельдшерлер, акушерлер, медбикелер және денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік қызметкерлер көрсететін медициналық көмек;

• бейінді мамандардың тегін қабылдауы мен консультациясын, зерттеудің зертханалық және аспаптық әдістерін, халықтың нысаналы топтарына скринингтік зерттеулер жүргізуді, халықтың әлеуметтік осал санаттары үшін диагностикалық зерттеулердің қымбат түрлерін қамтитын маманның жолдамасы бойынша консультациялық-диагностикалық көмек. Бейінді маманның консультациясын АМСК маманының жолдамасы болған жағдайда ғана тегін алуға болады. Тиісті жолдамасыз бұл көмек шұғыл жағдайда ғана көрсетілуі мүмкін. Егер емханада қандай да бір маман болмаған жағдайда азаматтар, емханада бірлесіп орындау шарты жасалған басқа медициналық ұйымнан медициналық көмек алуға құқылы.

2. Тәулік бойы және күндізгі стационар жағдайында көрсетілетін мамандандырылған медициналық көмек арнайы әдістер мен күрделі медициналық технологияларды пайдалануды талап ететін аурулар мен жағдайларды диагностикалау мен емдеуді қамтиды. Сондай-ақ, бүгінгі күні ТМККК шеңберінде үйдегі күндізгі стационар сияқты медициналық көмек көрсетіледі, ол жіті аурулары бар немесе төсек режимін сақтауды қажет ететін созылмалы аурулары асқынған науқастарға арналған.

3. АМСК маманының немесе медициналық ұйымның жолдамасы бойынша емдеуге жатқызу жағдайларының жоспарланған саны шеңберінде, диагностика мен емдеудің инновациялық, ресурсты қажет ететін және (немесе) бірегей әдістерін қолдана отырып, жоғары технологиялық медициналық көмек көрсетіледі.

4. Шұғыл медициналық араласуды талап ететін аурулар, жазатайым оқиғалар, жарақаттар, уланулар және басқа да жағдайларда көрсетілетін жедел медициналық көмек.

5. Сырқаттан арылу және аурудың басқа да ауыр көріністерін жеңілдету үшін емделмейтін науқастардың өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында азаматтарға амбулаториялық және стационарлық жағдайларда паллиативтік медициналық көмек көрсетіледі.

Диспансерлік есепте тұрған белгілі бір аурулары (жай-күйі) бар азаматтардың жекелеген санаттары денсаулық сақтау министрлігі бекіткен тізбеге сәйкес өз емханасында амбулаториялық-емханалық көмек көрсету кезінде тегін дәрілік препараттармен қамтамасыз етіледі.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес медициналық көмек көрсету кезінде өздерінің қалауы бойынша көрсетілетін ақылы медициналық қызметтер алуға азаматтардың құқығы бар. Бұл ретте ақылы медициналық қызметтер толық көлемде де, жеке консультациялар немесе медициналық араласуларды жүзеге асыру түрінде де көрсетілуі мүмкін. Пациенттің ұсынылатын ақылы медициналық қызметтерден бас тартуы ТМККК шеңберінде пациентке тегін көрсетілетін медициналық көмектің түрлері мен көлемінің азаюына себеп бола алмайды.

Тегін медициналық көмекті ақылы медициналық қызметтермен ауыстыруға жол берілмейді. Мемлекет кепілдік берген тегін медициналық көмекті төлеу ұсынысы пациенттің құқығын бұзу болып табылады.

Медициналық көмек көрсету кезінде туындайтын мәселелер және құқықтардың бұзылуы бойынша қайда жүгінуге болады?

Медициналық көмек көрсету кезінде азаматтардың құқықтары бұзылған жағдайда, даулы жағдайларды шешу, соның ішінде медициналық ұйымның медициналық көмек көрсетуден бас тартқан кезде, көмек көрсету үшін ақшалай қаражат алу мәселелері бойынша:

• медициналық ұйымның әкімшілігіне -әрбір медициналық ұйымда бар бөлімше меңгерушісіне, медициналық ұйымның басшысына немесе пациенттерді қолдау және ішкі бақылау қызметіне;

• денсаулық сақтауды басқарудың жергілікті органына, қоғамдық денсаулықты қорғаудың аймақтық департаментіне немесе әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының филиалына.

Алайда, өз құқықтарын қорғай отырып, азаматтардың өздері де өз денсаулығына қамқорлық жасауға, салауатты өмір салтын ұстануға, зиянды әдеттерді болдырмауға, тамақтану режимін сақтауға, аурулардың алдын алумен айналысуға міндетті екенін ұмытпағандары жөн. Медициналық көмекке уақытылы жүгінбеу, өзін-өзі емдеу, дәрігерге өзінің денсаулығы туралы толық және дұрыс ақпарат бермеу, дәрігердің ұсынымдарын сақтамау аурудың асқынған түрлерінің дамуына әкеп соқтырады. Мұндай жағдайларда тіпті ең жетілдірілген медициналық технологиялар мен дәрігерлердің күш-жігерлері кейде нәтиже бермейді.

**Нұрлығайым ЖӘНІБЕКОВА**
**«Тильман» ЖШС дәрігері**

СПОРТ

# ЕСКЕ АЛУ ТУРНИРІ ӨТТІ

**Мысты өлке тағы дүбірге бөленді. Бұл жолы Жезқазған қаласында қазақ күресінен республикалық турнир жалауын көтерді. Үшінші жыл қатарынан ұйымдастырылған дода Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздік қызметкері, «Еңбек Қызыл Ту» орденінің иегері, Жезқазған қаласының құрметті азаматы Қабден Шыңғысовты еске алуға арналды. Екі күнге созылған балуандар бәйгесіне еліміздің барлық аймағынан, сондай-ақ, Өзбекстан мен Тәжікстаннан 2002-2003 жылы туған 200-ге тарта жасөспірім қатысты.**




Турнирдің салтанатты ашылуына қатысқан қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова қазақ халқы қашаннан ұлысын ұлықтап, асылын ардақтайтынын алға тартып, дәстүрге айналған республикалық турнир салауатты өмір салтын насихаттаумен қатар өскелең ұрпақтың бойына патриотизмді сіңірудегі маңызына тоқталды. Білек күші тасыған палуандарға ақ батасын беруге ұлы ұстаз Қабден Шыңғысовтың аяулы жары, білім беру саласының ардагері Рухия Досмағамбетова да келді. Байрақты бәсекеге қатысушыларға сәттілік тілеген ақ жаулықты ана қазақы салттан жаңылмай шашу шашты.

Небәрі 18 жасында қызығы мен шыжығы мол ұстаздық жолды таңдаған Қабден Шыңғысовтың Жезқазған аймағындағы білім саласын дамытуға қосқан айрықша үлесін айтып жатудың өзі артық. Ұстаздардың ұстазы болған тұлғаның еңбек жолын білмейтін, қадірлемейтін және одан тәлім алмайтын адам төңіректе кемде-кем. Қарапайым мұғалімнен Жезқазған облыстық білім басқармасының бастығы қызметі сатысына дейін көтерілген асыл азаматқа халықаралық деңгейдегі турнир өткізудің өзі артық етпейді. Бұл сөзімізді турнирге төрелік еткен «Қазақстан барысының» үш дүркін чемпионы Бейбіт Ыстыбаевтың жеке бапкері Елдос Далабаев та құптады.

– Қабден Шыңғысовты еске алуға арналған республикалық турнир кіл мықтыларды жинағанының куәсі болдық. Боз кілемнің үстінде кездескен жастардың әдіс-айласы мен тәжірибесі өте мол. Бір салмақтың өзінде Қазақстанның үш чемпионы қатысуда. Өзбекстаннан 33, Тәжікстаннан 6 балуан келді. Турнирдің деңгейі өте жоғары болғандықтан, келер жылы халықаралық турнирге ұласатынына сенемін, – деді турнирдің бас төрешісі.

Ашылу салтанатында сөз алған Өзбекстан мемлекеті қазақ күрес федерациясының төраға хатшысы Насылджан Азизов қонақжайлық танытқан жезқазғандықтарға алғысын білдіріп, мұндай кездесулер екі ел арасында татулық пен достық қарым-қатынасты нығайта түсетінін айтты. Және Қабден Шыңғысовың тұңғыш ұлы Мұрат Қабденұлының иығына шапан жауып, басына тақия кигізді.

36 салмақ дәрежесінде өткен байрақты бәсекеде балуандар қарсыласының иығын жерге тигізіп, таза жеңіске жету үшін барын салды. Дегенмен, ең епті мен мықтыларының ғана бабы мен бағы қатар шапты. Жеңіс тұғырынан көрінген балуандардың ішінде жезқазғандықтар да бар. 42 келі салмақ дәрежесінде сынға түскен Досымжан Бақытов, 72 келі салмақта белдескен Нұрсат Әбеуов күміс жүлдегер атанса, түйе балуан Мағжан Әшір қала қоржынын алтын медальмен толықтырды.

**Бота ШАЛҚАР**

# ЖАС ШЕБЕРЛЕР БАЙҚАУЫ

## *мәресіне жетті*

**Екі жылда бір келетін «Сиқырлы саусақ – 2019» қала мектептері мен қосымша білім беру мекемелері оқушыларының қалалық қолөнер шығармашылық көрмесі өтті. Көрмеге 700-ге жуық туынды қойылған.**




«Сиқырлы саусақ» деп аты айтып тұрғандай, көрмеге қаламыздың барлық мектептері оқушыларының қолынан шыққан өнер туындылары ұсынылады. Әр жолғы көрменің тақырыбы да әр түрлі. Биылғы көрме Жезқазған қаласының 65 жылдық мерейтойына, академик Қ.Сәтбаевтың 120 жылдығына арналды.

Көрменің ашылу салтанаты қаламыздағы №21 мектепте өтті. Жиынға қалалық білім бөлімінің мамандары, балалар және жасөспірімдер сарайының мұғалімдері, мектеп директорлары мен ұстаздары, оқушылары қатысты. Жиналғандарды қалалық білім бөлімінің басшысы Жеңіс Әлмағанбетов пен №21 орта мектептің директоры Ақжан Аманжолова құттықтады.

Көрмеде жас өрендердің қиялынан туған сан түрлі туындыларды көруге болады. Балалар жіп, қағаз, ағаш, киіз, гипс, фетр, мақта, матадан небір дүниелер дайындаған. Тіпті, кейбір туындыларды мектеп оқушысы жасағанына сену қиын. Мұнда баланың қиялына ерік беріп, білімін ұштауға көмектесетін көркем өнер пәнінен сабақ беретін мұғалімдердің де еңбегі орасан зор. Оларды арнайы құралған комиссия мүшелері тексеріп, әділ бағаларын берді.

Бес күнге созылған көрменің қорытындысы бойынша «Гобелен» номинациясы бойынша І орынды №7 мектеп-лицейдің оқушысы Актолқын Әлібаева, балалар мен жасөспірімдер сарайының оқушысы Аида Дербес жеңіп алды. «Мүсін» номинациясында №4 орта мектептің оқушысы Ксения Бресловец, балалар өнер мектебінің тәрбиеленушісі Елизавета Дегтярева дайындаған туындыларымен ерекшеленді. №13 орта мектеп оқушысы Ділназ Дүйсенбаева, балалар өнер мектебінің оқушысы Ева Ким, балалар мен жасөспірімдер сарайының тәрбиеленушісі Гүлжахан Тойбекқызы «Живопись» номинациясында жеңімпаз атанды. №10 мектеп оқушысы Темірлан Болатов «Ағаш бұйымдары» номинациясы бойынша І орынды иеленді. «Аппликация» номинациясында ерекше бұйымдарымен есте қалған №7 мектеп-лицейдің оқушысы Жазира Бектасова, балалар мен жасөспірімдер сарайының оқушысы Жансая Кеңес жеңімпаз атанды. «Макет» номинациясында №26 гимназия оқушысы Филипп Нефедов І орынға ие болды. «Ши тоқу» номинациясы бойынша №13 орта мектеп оқушысы Эльназ Қуанышбек, №4 мектеп оқушысы Анна Крапова үздік нәтиже көрсетті. «Тері бұйымы» номинациясының жүлделі І орнын №13 орта мектеп Тоғжан Нұриденова жеңіп алды. «Киіз бұйымы» номинациясында балалар мен жасөспірімдер сарайының оқушысы Аяулым Наурызбаева, №26 гимназияның оқушылары Арай Каким мен Анастасия Иванова І орынды иеленді.

Байқауға қатысқан өзге де жас шеберлер ескерусіз қалмады. Олар арнайы дайындалған мақтау қағаздарымен марапатталды.

МЕКТЕП ХАБАРЛАРЫ

**№10 орта мектебінде «Smart education – жаңа білім беру ортасы» жобасы аясында оқу кабинеттері мен шығармашылық орталық ашылды. IT сыныптың ашылуы оқушылардың цифрлық сауаттылығын арттыруға, тегін білім беру саласын жетілдіруге бағытталған «Нұр Отан» партиясының «Балаларға арналған тегін IT сыныптар» жобасы аясында іске асып отыр.**

# ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУ ЖОЛЫНДА

Бүгінгі ғылым мен техниканың қарқынды дамып, еліміздің экономикасы өсіп, индустрияландыру жүзеге асырылып жатқан заманда компьютерлік сауаттылық деңгейіне қойылатын талап та жоғары. Болашақ білімді ұрпақ қолында. Нақтырақ айтқанда, ел болашағы үшін математикалық білімі мықты, компьютерлік сауаттылығы жоғары әрі ойлау қабілеті дамыған жастың қолында.

Заманауи білім ортасының ашылу салтанатына қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова, «Нұр Отан» партиясының Жезқазған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлмира Қаженова, қалалық білім бөлімінің басшысыЖеңіс Әлмағанбетов, ішкі саясат бөлімінің басшысы Мереке Мырзабекова және қала мектептерінің директорлары мен мұғалімдері қатысты.

Салтанатты шараның алғысөзін қала басшысының орынбасары Зина Жұманазарқызы алды. Ол өз сөзінде соңғы үлгідегі құралдармен жабдықталған IT-сыныптары мен «Интеллектум» кабинеттерін барлық мектептерде ашудағы басты мақсат оқушылардың бәсеге сай білім алуын қамтамасыз етуінде екенін атап өтті.

№10 орта мектептің оқушылары келген қонақтарға ең алдымен «Ақылды кітапхана жұмысын» көрсетті. Кейін ғылымға қызығушылық танытып жүрген жас ғалымдар «Өркениетке ұмтылған өрісті мектеп», «Заманауи спорт кешені», «Ұлытау – ұлы ғасыр даласы» сынды тың жобаларын таныстырды.

Шараның негізгі бөлімінде қатысушылар заман талабына сай ашылған сыныптардың жұмысымен танысты. IT сыныпта 9 жастан бастап балалар робототехниканың қыр-сырын игеріп, өздері робот жасай алады. Кабинет «лего» ойыншығымен, 3Д принтермен, компьютерлермен жабдықталған. Ал, «интеллектум» сыныбында әлемдегі 17 елдің 30 ойыны жинақталған. Олар балалардың интеллектуалдық дамуын, ұсақ моторикасын, сенсорлық қабылдау деңгейін дамытуға септеседі. Бұл кабинетте балалармен үйірме жетекшісінен басқа логопед, мектеп психологы жұмыс жасайды.



Мектептің жас биологтары өздерінің жылыжайында өсімдік өсірудегі жетістіктерін де көрсетіп, келушілерді таң-тамаша етті. Оқушылар «қысқы бақта» бүгінде қияр, қызанақ сынды көкөністер мен қызғалдақ, қырмызы сияқты гүлдерді өсіруде. Өздерінің қабілеттерін көрсеткен жастар қонақтарға қолдан өсірілген жеміс пен көкөністерден смузи дайындап берді. Сондай-ақ, қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова оқушылардың өтініші бойынша қырмызы гүлін отырғызды.

Шара мектептің «киіз үйінде» қорытындыланды. Киіз үй де – мектеп оқушылары дайындаған жобалардың бірі. Мұнда қазақтың дәстүрі бойынша, қонақтарға дәм ұсынылды.

Келген қонақтар мектеп жұмысына оң бағаларын беріп, директорлық қызметіне жақында ғана кіріскен Әлия Бажыбаеваға сәттілік тіледі.

ШЕБЕРЛІК САҒАТЫ

# МУЗЫКА – ТӘРБИЕ ҚҰРАЛЫ

**№13 «Ертөстік» бөбекжайында «Мектепке дейінгі жастағы балалардың музыкалық тәрбиесі» тақырыбында семинар-практикум өтті. Шараны Астана қаласындағы оқушылар сарайының «Музыкалық даму» үйірмесінің жетекшісі Бронислав Бугинас жүргізді.**



Музыканың бала дамуындағы атқарар рөлін білесіз бе? Оның бала тәрбиесіне еш әсері болмайды деп пайымдауыңыз да мүмкін. Онда сіз қателесесіз. Мамандар аяғы ауыр әйелдерге жанына жақын, жайлы әуендерді тыңдауға кеңес береді. Өйткені, ол іште жатқан баланың сабырлы болып өсуіне септеседі екен. Ал, 0-5 жас аралығындағы балаға сөйлеуді, санауы қысқа тақпақтар мен ырғақты әндердің көмегімен үйретсе бала тез жаттап алады. Сонымен қатар, әнге дене қимылдарын қосса, тіпті керемет. Бұндай әдіспен баланың есте сақтау қабілеті жақсы дамиды. Ән салу, музыкалық шығармаларды түрлі аспаптарда орындау физиологиялық процесс болғандықтан, балалардың дене тәрбиесіне, денсаулығына жағымды ықпал тигізеді. Отырып немесе түрегеп ән салуда дене бітімін, басты, қолдарды дұрыс ұстауға дағдыландыру сияқты талаптардың қойылуы балалардың дене қозғалысы мәдениетін қалыптасуына көмектеседі.

Бронислав Бугинастың есімі Жезқазған қаласына кеңінен танымал. Көп жыл бойы балалар мен жасөспірімдер сарайында еңбек еткен педагог талай баланы музыкаға баулып, жас жұлдызшаларды жаққан. «Үздік педагог – 2016», «Қосымша білім беру ісінің үздік педагогы» номинациясының жеңімпазы атанған ол бүгінде Елордасында еңбек етуде.

Қаламыздағы мектепге дейінгі мекемелерінің музыкалық жетекшілері қатысқан семинарда музыкалық аспаптардың баланың дамуына, моторика, дене қимылдарына қалай әсер ететіндігі іс жүзінде көрсетілді. «Ертөстік» бөбекжайының балалары баян, барабан, сылдырмақ сынды аспаптармен танысып, педагогпен бірге ән де шырқады, тақпақ та жаттады. Мұғалімдерде бір сәтке бала болып, ән шырқады.

Педагогтің шеберлік сабақтарынан кейін ұстаздар қауымы дөңгелек үстелдің басында жиналды. Тәжірибе алмасу сәтінде ұстаздар өздерінің алған әсерімен, түйген ойларымен бөлісті. Шара соңында семинарға қатысқан мұғалімдерге сертификат табысталды.

# ЕЛ ТАРИХЫНА – ЖАҢА КӨЗҚАРАС

**№8 гимназияда «Жаңа инновациялық технологияларды қолдану арқылы өлке тарихын зерттеу» атты қалалық жобалар көрме-байқауы өтті.**



ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласын насихаттау барысында оқушылардың бойына жобалық-зерттеушілік дағдыларды қалыптастыруды мақсат еткен байқауға жалпы білім беретін орта мектептердің 5-11 сынып оқушылары қатысты. «Ұлы даланың жеті қыры» – болашақ ұрпақ мақтанатын, арғы тектерін әлемге батыл әрі айқын насихаттайтын төлқұжат. Тарихымыздан қалыптасқан құндылықтарымызды айшықтайды. Қазақ дала-сының қай жері болса да киелі, қойнауы тарихқа бай. Алдағы уақытта тарихшы, археолог ғалымдар ашылмаған сырларды жіті зерттеп, жұртқа жария етуі керек.

№8 гимназияда өт-кен зерттеу жобалары мен жұмыстары сол зерттеудің бастамасы іспеттес. Қаламыздағы жас зерттеушілер Елбасының мақаласында аталған халқымыздың құндылық-тарын бейнелейтін 35 жоба ұсынды. Білім алушылар қызғалдақ, Алматы апорты, Ұлы Жібек жолы, атқа міну мәдениеті, ежелгі металлургия, аң стилі сынды тың жұмыстарды өздерінің жаңашылдықтарын енгізе отырып жасаған.

Іс-шараның ашылу салтанатында №8 гимназия директоры Сара Әбдікерова сөз алып, қатысушыларға сәттілік тіледі. Одан кейін оқушы-лардың жұмысын бағалайтын, қалалық білім бөлімі мамандарынан құралған қазылар алқасы жобалармен танысуды бастады. Әр жоба авторы жұмысты өзі қалаған тілде таныстырып, қорғап шықты. Бір қуантатыны, жастар арасында ағылшын тілінде де еркін сөйлеп, өз ойын жеткізгендер жеткілікті болды.

Байқаудың қорытындысы бойынша №13 орта мектептің оқушылары Мансұр Құрмет пен Қымбат Қонысбектің «Ұлы Жібек жолындағы Ұлытау мыс жолы тармағы» жобасы, №10 орта мектептің 5-сынып оқушысы Бақытжан Оразбайдың «Ежелгі металл балқыту пеші» жобасы және №8 гимназияның оқушылары Камила Жолашарова мен Ұлжан Зейдіннің «Ұлы Жібек жолы – әлемдік өркениет» жобасы жүлделі ІІІ орынға ие болды. №21 орта мектептің білім алушылары Мәлеке Ақмырзақызы мен Мадияр Ибайдулланың дайын-даған «Ұлы дала-дағы ежелгі металлургия» жобасы, №4 орта мектептің 6-сынып оқушысы Медина Балтабаева және 7-сынып оқушысы Жанель Әбсадықова «Тасмола мәдениеті. Мұртты қорған» жобасы ІІ орынды иеленді. Жүлделі І орынға №9 тірек (ресурстық орталық) мектеп-интернатының оқу-шысы Ділназ Оңласбектің «Өлкеден өткен – Мыс жолы» атты ғылыми жобасы лайық деп танылды. Ал, бас жүлдені «Ежелгі қола дәуіріндегі мыс қорыту үдерісі» жобасы жеңіп алды. Оның авторы – №8 гимназияның 11-сынып оқушысы, жас зерттеуші Әділәмір Бизақ. Байқауға қатысқан өзге қатысушыларға мадақтамалар табыс етілді.

**Қ.И.Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейде 23 ақпан – қаржылық сауаттылық күніне орай танымдық шаралар өтті.**

# ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ САБАҒЫ

Қаржы, ақша, кіріс пен шығыс – бүгінде адам өмірінің бір маңызды бөлшегіне айналған ұғымдар. Күнделікті азық-түлік, киім-кешек, ай сайынғы коммуналдық төлемдер немесе несиені өтеу сынды мәселелер ақшаның көмегімен шешілетінін білеміз. Осы қалыптасқан төлемдерді өтеп, одан қалған қаражатты дұрыс жұмсап, үнемдеуді көбісі біле бермейді. Болашақ маман болып, отбасы құратын жастарға осыны түсіндіру мақсатында өткен шара бірнеше бөлімнен тұрды.

Шара салтанатты жиынмен басталды. Одан кейін шеберлік сынып, әртүрлі мазмұндағы ойындармен жалғасты. 3-сыныптар арасында «Энергияны үнемдеу» тақырыбында сынып сағаты өтті. Сабақ барысында топпен жұмыс істеген оқушылар электр қуаты және оны үнемдеу туралы түсініктерін айтып, тұрмыстық техникалар, оларды үй шаруашылығында қолдану, қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы өз ойларымен бөлісті.

Ал, 4-сынып оқушылары «Қаржы әлеміне саяхат» атты сайысқа қатысты. Бұнда оқушылар ақшаның шығу тарихын, әр елдің валюта түрлерімен танысып, оларды сауатты түрде көбейте білу туралы мәліметтер алды. 5-сыныптарда «Экономикалық КТК», 7-сыныптарда «Теңге – Тәуелсіздік символы» атты ауызша журнал, 8-сыныптарда «Жеке қаржыны жоспарлау негіздері», 9-сыныптарда «Отбасылық бюджет», 10-сыныптарда «Қаржылық сауаттылық», 11-сыныптарда «Бизнес тілінде сөйлейік» тақырыптарында экономикалық сағат өткізілді.

9 «Е» сынып оқушыларымен «Отбасылық бюджет» рөлдік ойынын Жезқазған индустриалды-гуманитарлық колледжінің экономика пәні мұғалімі Жанат Бектұрғанова өткізді. Іс-шара барысында шығындар мен табыстарды құзырлы бөлу, әрбір отбасының қаржылық тұрақтылығы жайында және ақшаны неғұрлым ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету, қажетсіз шығыстарды болдырмауға көмектесу туралы әңгіме жүргізілді.

Шараға арнайы келген «Центр Кредит» банкінің бас маманы Сәуле Мейрамова 10-сынып оқушыларымен «Қаржылық сауаттылық» тақырыбында өткен ашық алаңға қатысып, жастарды толғандырған сұрақтарға жауап берді. Банк қызметкерімен сұхбаттасу барысында депозит, қарыз, пайыздық мөлшерлемелер, сыйақы, несие, капиталдандыру сияқты қаржылық терминдерімен танысты. Ашық алаң кезінде оқушылар өз көзқарастарымен, командалық рухымен және қызығушылықпен ерекшелене түсті, викториналық сауалдарға жауап беруде аса қызығушылық танытқаны байқалды. Аталмыш кездесу оқушыларға көптеген эмоциялар мен ұмытылмас әсерлер қалдырғаны байқалды.




# ЖАЙНАТ – ҮЗДІК ТӘЛІМГЕР

**Қ.И.Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейде қалалық «Үздік тәлімгер – 2019» байқауы өтті.**

Жастар жылы аясында және дәстүрлі облыстық тәлімгерлер байқауының негізінде қала мектептерінің аға тәлімгерлері арасында іріктеу кезеңі басталды. Байқауға №№ 1, 2, 3, 5, 9, 10, 14 жалпы орта білім беретін мектептер мен №8, 26 гимназиялардың аға тәлімгерлері қатысты. Байқау портфолио дайындау, «Мен – тәлімгермін» тақырыбына эссе жазу, таныстыру және үй тапсырмасын орындау сынды кезеңдерден құралды.

Аталмыш жарыстың басты мақсаты – тәлімгерлердің кәсіби шеберлігін арттыру, тәжірибе алмасып, олардың тығыз қарым-қатынас орнатуына септесу.

Іріктеу байқауына қалалық білім бөлімі тәрбие секторының меңгерушісі Гаухар Жақыпбекова, білім қызметкерлері кәсіподақ ұйымының төрайымы Ләззат Күнеділова және білім бөлімінің әдіскері Күлсара Лақбаева сараптама жасады. Өз мамандығына ерекше берілген, өз ісінің шебері, тәлімгердің міндетін жақсы меңгерген, шығармашылықпен жұмыс жасап, жаңа идеялармен көріне білген тәлімгерлер үздік нәтиже көрсетіп, жеңіс тұғырынан көріне білді.

Жарыстың қорытындысы бойынша Талап ауылының №14 жалпы орта білім беретін мектебінің аға тәлімгері Жайнат Смағұлова жүлделі І орынды иеленді. Ал, ІІ орынды №26 гимназия тәлімгері Алина Арынова мен №1 орта мектептің тәлімгері Фариза Шоқан өзара бөлісті. Жеңімпаздар Қарағанды қаласында өткізілетін облыстық «Үздік тәлімгер-2019» байқауында Жезқазған қаласының намысын қорғайтын болады.



*Материалдарды дайындаған* **Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА**
*Суреттерді түсірген* **Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**